


ISSN 0206-3247



Қазақстан Республикасы  
Парламентінің

# ЖАРШЫСЫ

1-2, 3, 4



Банкротство

Қазақстан Республикасы

Парламентінің

басылымы

АЛМАТЫ • 1997



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЖАРШЫСЫ



1938 жылғы 20 қарашадан  
шыға бастады

№ 1—2 (2243)  
1997 жылғы 21 қаңтар

## М А З М Ұ Н Ы

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 1995 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін бекіту жөнінде.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін бекіту жөнінде.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясында аталған заңдарды Қазақстан Республикасының Парламентінде қабылдаудың тәртібі мен мерзімдері туралы.
4. «Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдығы туралы» Қазақстан Республикасы Парламентінің мәлімдемесі туралы.
5. «1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы туралы.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

6. «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде.
7. Банкроттық туралы.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Банкроттық туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ  
ҚАУЛЫЛАРЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ  
Қ А У Л Ы С Ы**

- 1** Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 1995 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының Парламенті қаулы етеді:

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 1995 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі бекітілсін.

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы  
**М. ОСПАНОВ**

Алматы, Парламент Үйі,  
1996 жылғы 25 желтоқсан.  
№ 13—1 ПРК

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ

### Қ А У Л Ы С Ы

**2** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының Парламенті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы республикалық бюджетінің кірістер бойынша 186 300 млн. теңге сомасында және шығыстар бойынша 184 565 млн. теңге сомасында, 1 735 млн. теңге сомасындағы профицитпен атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1992—1995 жылдары мемлекеттік сыртқы заемның есебінен Үкіметтің кепілдігімен берілген несиелерді қайтармаған жеке және заңды тұлғалар туралы ақпаратты жария етіп, оларды міндетті түрде өтеу жөнінде шұғыл шаралар қолдану ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы  
**М. ОСПАНОВ**

Алматы, Парламент Үйі,  
1996 жылғы 25 желтоқсан.  
№ 14—1 ПРК

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ

### Қ А У Л Ы С Ы

**3** Қазақстан Республикасының Конституциясында аталған заңдарды Қазақстан Республикасының Парламентінде қабылдаудың тәртібі мен мерзімдері туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 92-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Конституциясында аталған заңдарды Қазақстан Республикасы Парламентінде қабылдаудың тәртібі мен мерзімдері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы  
**М. ОСПАНОВ**

Алматы, Парламент Үйі,  
1996 жылғы 25 желтоқсан.  
№ 15—1 ПРК

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің  
1996 жылғы «25» желтоқсан  
№ 15—І ПРК қаулысымен  
бекітілді

Қазақстан Республикасының Конституциясында аталған заңдарды Қазақстан  
Республикасының Парламентінде қабылдаудың тәртібі мен мерзімдері

р/с	Заң жобасының атауы	Әзірлеуші	Мәжіліске енгізу мерзімі	Парламенттің қабылдау мерзімі
1.	Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы	Үкімет	1997 ж. ақпанға дейін	1997 ж. сәуір
2.	Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы	Үкімет	1997 ж. 1.03 наурызға дейін	1997 ж. мамыр
3.	Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы	Үкімет	1997 ж. 1 наурызға дейін	1997 ж. мамыр



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ

## Қ А У Л Ы С Ы

### **4 «Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдығы туралы» Қазақстан Республикасы Парламентінің мәлімдемесі туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығының 13-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті қаулы етеді:

«Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдығы туралы» Қазақстан Республикасы Парламентінің мәлімдемесі қабылдансын.

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы  
**М. ОСПАНОВ**

Алматы, Парламент Үйі,  
1996 жылғы 25 желтоқсан.  
№ 16—І ПРҚ

---



**МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВТІҢ  
100 ЖЫЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ  
МӘЛІМДЕМЕСІ**

Ұлы гуманист, қазақ және дүние жүзі әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 1997 жылдың қыркүйегінде 100 жыл толады. Бұл — егемен Қазақстанның рухани және қоғамдық-саяси өміріндегі ірі оқиға.

М. О. Әуезов шығармашылық жолын, белсенді қоғамдық қызметін ХХ ғасырдың ширегінде — қазақ халқының тәуелсіздік пен бостандық жолындағы күресінің күрделі де қилы белесінде, ұлттық санаың күрт ояну, өрлеу кезеңінде бастады да, өз халқымен бірге осы ғасырдың алғашқы жартысындағы бүкіл саяси-әлеуметтік зобаланды басынан кешірді.

Қазақ халық әдебиеті мен фольклорының, Шығыс және Еуропа классикалық мәдениетінің, өзінің ұлы ұстазы Абайдың көркемдік әлемінің кәусар бұлағынан жастайынан сусындаған тума талант шығармашылық ғұмырының өн бойында ел тағдыры, егемендік, рухани тәуелсіздік, ұлттық мүдде, намыс, дәстүр тағылымы, тарихи тұлғаларға көзқарас тазалығы тәрізді мәңгілік биік мұраттар мен құндылықтарды өмір бойы табандылықпен қорғап өтті.

Ұлан-ғайыр энциклопедиялық білімнің иесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы ұйымдастырушыларының әрі тұңғыш академиктерінің бірі М. О. Әуезов — қазақ әдебиетіне, көркемдік-эстетикалық әлеміне Абайдан соң теңдессіз үлес қосып, өз халқының рухани мәдениеті мен ойына жаңа кеңістік ашқан ғаламдық дәрежедегі ұлы суреткер. Ол дүниежүзілік философиялық ойдың шырқау биігіне көтеріліп, халқымыздың күрделі тарихын көркемдік тұрғыдан жан-жақты саралаған аса талантты прозашы, драматург, шебер аудармашы, қарымды публицист, әлемдік түркі тілдес халықтар әдебиетінің, фольклоры мен эпостарының ғұлама зерттеушісі, қазақ әдебиетінің ірі теоретигі әрі тарихшысы еліміздің әдебиеттану ілімінің жаңа саласы — абайтану мектебінің негізін қалап, жас әдебиетші ғалымдар мен жазушылардың дарынды бір ұрпағын тәрбиелеген, ғылым мен әдебиеттің заман рухына сай өркен жаюына жол ашқан қамқор ұстаз.

Қазақ ұлтының бүкіләлемдік көркем ойдың асыл қорына қосқан баға жетпес үлесі болып табылатын «Абай жолы» эпопеясы — М. О. Әуезовтің шығармашылық ұлы ерлігі.

М. О. Әуезовтің Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитеттің мүшесі, Азия — Африка елдері жазушылары қозғалысының беделді қайраткерлерінің бірі ретіндегі мемлекеттік, қоғамдық қызметі ерекше құнды.

Қазақстан Республикасы Парламенті дәуіріміздің ұлы суретке-



рі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің творчестволық тағылымын осылай жоғары бағалай келіп, оның мерейтойы еліміздің мәдени өміріндегі ЮНЕСКО деңгейінде өтетін қоғамдық мәні зор айрықша мереке екенін атап көрсетеді.

Мерейтой шеңберіндегі барша іс-шаралар суреткер есіміне, көркемдік-эстетикалық ұлағатына, адамгершілік-идеалдарына, жоғарғы интеллектуалдық деңгейіне сай өтуі тиіс. Жазушы өмірбаяны мен творчествосына қатысты өткен кезендердегі ақтаңдақтар жан-жақты анықталып, тарихи шындық бүгінгі күнгі демократиялық-жариялылық рухында, тәуелсіз еліміздің мерей-мүддесі үшін парасат-байыппен, барынша ашық айтылуы парыз.

Мерейтой — әуезовтану іліміндегі жаңа белес, әдебиет пен өнеріміздің болашағын айқындайтын маңызды меже ретінде қарастырылып, қандай да болсын шаралар — жазушының суреткерлік ерекшелігін, көркемдік-ғылыми мұрасын жаңаша жан-жақты зерделеу, ел тарихының, тілінің, жас таланттар мен бүкіл жас ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелерімен сабақтас жүзеге асырылып, Әуезовтің дербес әдеби әрі ғылыми мектебі түбегейлі бағасын алуға тиіс.

Республика Үкіметі М. О. Әуезовтің мерейтойына орай белгіленген шаралардың жүйелі ойластырылғанын құптай отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті өз тарапынан әсіресе мерекелік іс-шараларда жоспарланған — Алматы қаласындағы мәдени-ғылыми орталық — «Әуезов үйінің», Семей облысындағы жазушы есімі мен қызметіне байланысты объектілерді жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының, жазушының драмалық шығармалары бойынша Республика театрлары фестивалінің өткізілуін ұйымдастыру, оның шығармаларының академиялық көп томдық толық жинағын, «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясын шығаруды қолға алу мәселелерін дәйектілікпен әрі уақтылы шешу маңызды екендігіне назар аударады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Ұлы гуманист-жазушы М. О. Әуезовтің творчествосын халықаралық деңгейде жан-жақты насихаттап, бағалау мейлінше қажетті іс деп есептейді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде, М. О. Әуезов оқыған, қызмет еткен Москва, Санкт-петербург, Ташкент қалаларында, сондай-ақ шалғай шет елдерде Парламентаралық Ассамблея, Сыртқы істер министрлігі, дипломатиялық каналдар арқылы жазушы мұрасын насихаттауға бағытталған кең көлемді іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Мерейтойға арнайы шақырылатын шетелдік қонақтар қатарында Ш. Айтматов бастаған «Ыстықкөл форумы» клубы мүшелерінің де болып, солардың қатысуымен бірлескен шаралар өткізген де орынды болар еді.

М. О. Әуезов мерейтойын жаңа интеллектуалдық, танымдық-эстетикалық, ұйымдастырушылық жоғары деңгейде, көпұлтты Қазақ-

стан халқының барша әлеуметтік топтары өкілдерінің, әсіресе жастардың белсенді қатысуымен мейлінше бұқаралық сипатта өткізу парыз.

Жазушының адамгершілік, имандылық рухына жат даңғазалыққа, сол сияқты басқа да келеңсіз құбылыстарға жол бермеу қажет.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің асыл қазынасы, әдеби мұрасы бүкілхалықтық, жалпы мемлекеттік ілтипат-құрмет көрсетуге әбден лайық.

Мәлімдемені дайындап, ұсынушы —  
Парламент Мәжілісінің депутаты  
**Н. КАЛИЕВ**

1996 жылғы 27 қараша

---



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ

## Қ А У Л Ы С Ы

### **5 «1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы туралы**

Қазақстан Республикасының Парламенті қаулы етеді:

«1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылдансын.

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы  
**М. ОСПАНОВ**

Алматы, Парламент Үйі,  
1996 жылғы 25 желтоқсан.  
№ 17—1 ПРК

---

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

### ЗАҢЫ

**6** «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде

«Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 13, 271-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 18-баптың 1-тармақшасы: «(214-баптың IV бөлігі)» деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын: «бір топ адамның немесе Қылмыстық кодекстің 213, 213-1, 213-2, баптарында, 215-1-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстардың бірін бұрын жасаған адамның, немесе ерекше қауіпті қылмыскердің қайталап, немесе алдын-ала келісім бойынша тап сондай әрекеттер жасағаны, сондай-ақ егер бұл әрекеттердің мән-мақсаты ірі мөлшердегі есірткі заттар болғаны (214-баптың V бөлігі)».

2. 28-баптың 8) тармақшасындағы «үш айдан кешікпей» деген сөздер «алты айдан кешікпей» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 29-баптың үшінші, төртінші азатжолдарындағы «7» және «9» деген цифрлар тиісінше «8» және «10» деген цифрлармен ауыстырылсын.

4. 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заңның 18-бабы 1) тармақшасының күші, сондай-ақ Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің мынадай баптары бойынша:

214-баптың III, IV бөліктері бойынша (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1975 жылғы 21 ақпандағы және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы, 1987 жылғы 30 шілдедегі Жарлықтарының, 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақ КСР Заңының редакциясында), 76-1-баптың II, III, IV бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-2-бап бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-3-баптың III бөлігі бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-5-бап бойынша (ұрлау арқылы жасалған) (Қазақ ССР Жо-



ғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі Жарлығының редакциясында);

76-7-баптың II, III бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 жылғы 21 қазандағы Жарлығының редакциясында);

133-баптың, II, III, IV бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1982 жылғы 29 желтоқсандағы және 1987 жылғы 4 ақпандағы Жарлықтарының редакциясында);

134-бап бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

135-баптың II, III бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 жылғы 31 қазандағы Жарлығының редакциясында);

136-баптың III бөлігі бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында) сотталған адамдарға қолданылады».

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы. 1997 жылғы 8 қаңтар  
№ 66—1 ҚРЗ

---

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### **7** БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ

Осы Заң дәрменсіз борышкерді оңалтуға бағытталған арнаулы рәсімдер өткізудің, заңды тұлғаны банкрот деп танудың және оны таратудың шарттары мен тәртібін белгілейді.

#### 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1 - б а п.** Осы Заңда қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар

Осы Заңда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

дәрменсіздік — борышкердің несие берушілердің ақшалай міндеттемелері бойынша талаптарын, жалақы төлеу туралы талаптар-



ды қоса алғанда, сондай-ақ бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді өзіне тиесілі мүлік есебінен өтеуді қамтамасыз етуге қабілетсіздігі;

борышкер — заңдарда көзделген тәртіппен өзіне банкроттық рәсімінің қолданылуына төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі негіз болатын заңды тұлға;

акшалай міндеттеме — борышкердің несие берушілердің жеткізген (берген) тауарларының (атқарған жұмыстарының, көрсеткен қызметтерінің) құнын төлеуге, қарызды пайдаланғаны үшін процентін төлей отырып оның сомасын қайтаруға, сондай-ақ ақша сипатындағы өзге талаптар бойынша төлемдерді жүзеге асыруға міндеттілігі;

дәрменсіз борышкердің өз еркімен таратылуы — дәрменсіз борышкердің өз өтініші негізінде соттың шешімі бойынша таратылуы не өзінің банкроттығы туралы ресми түрде жариялау жолымен несие берушілермен келісе отырып соттан тыс тәртіппен таратылуы;

лауазымды адам — дәрменсіз борышкер-заңды тұлғаның басшысы (басшының орынбасары), сондай-ақ заңды тұлғаның басқару қызметін жүзеге асыратын, заңды тұлғаның алқалық атқарушы органына кіретін өзге адам;

— банкроттық — борышкердің сот шешімімен танылған немесе несие берушілермен келісім бойынша соттан тыс тәртіппен ресми түрде жарияланған, оны таратуға негіз болатын дәрменсіздігі;

банкрот — дәрменсіздігі сотпен белгіленген немесе несие берушілермен келісім бойынша соттан тыс тәртіппен борышкер деп ресми түрде жариялаған борышкер;

соттан тыс рәсім — борышкердің, ал егер мемлекеттік кәсіпорын борышкер болып табылса, онда дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорынды қайта құру мен таратуға уәкілетті мемлекеттік органның несие берушілердің бақылауымен борышкердің ерікті түрде таратылуы, не дәрменсіз борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіру мен оның қызметін жалғастыру мақсатында оңалту рәсімдерін қолдану туралы несие берушілермен жасайтын келісіміне жету жолымен дәрменсіз борышкердің қарыздарын соттан тыс тәртіппен реттеу рәсімі;

борышкерді сырттай басқару — дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару жұмыстарын әкімшінің жүзеге асыруы жөніндегі рәсім;

әкімші — тарату ісі басталғанға дейін соттың қарау мерзіміне, ал оңалту рәсімін қолданғанда — ол басталғанға дейін, борышкердің мүлкі мен істерін басқаруды жүзеге асыру үшін сот тағайындаған адам;

төлем қабілетсіздігі — борышкердің орындау мерзімі жеткен акшалай міндеттемелерін және басқа акшалай сипаттағы талаптарды орындауға қабілетсіздігі;



несие беруші — еңбекке ақы төлеуді, авторлық сыйақыны, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті түрде төленетін төлемдерді қоса алғанда, азаматтық-құқықтық және оның өзге міндеттемелерінен туындайтын борышкерге мүліктік талаптары бар адам;

конкурстық несие беруші — өзінің мүліктік талаптарын қанағаттандыруда заң күшімен де, кепілдік туралы келісім күшімен де артықшылығы жоқ және конкурстық жиынтықтан қанағаттандыруды артықшылығы бар және кепілдікті несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін алатын несие беруші;

кепілдікті-несие беруші — талаптары борышкердің мүлкін кепілдікке қоюмен қамтамасыз етілген міндеттемелер жөніндегі несие беруші;

конкурстық жиынтық — конкурс жүргізу процесінде шығынды өндіріп алуға болатын борышкердің мүлкі;

конкурс жүргізу — таратылатын дәрменсіз борышкердің конкурстық жиынтығын несие берушілер арасында бөлуге бағытталған, сот тәртібімен немесе соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын рәсімі;

артықшылықты несие берушілер — өміріне және денсаулығына зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер жөніндегі, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекке ақы төлеу жөніндегі және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі, сондай-ақ бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін міндетті төлемдер жөніндегі, әлеуметтік және өзге басымдықтарға қарай конкурстық жиынтықтан қанағат алуда конкурстық несие берушілердің алдында осы Заңмен артықшылықтар белгіленген несие берушілер;

конкурстық басқарушы — конкурс жүргізуді жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам;

бітімгершілік келісімі — несие берушілерге тиесілі төлемдер төлеуді кейінге қалдыру және (немесе бөліп төлеу, қарыздарды кеміту немесе несие берушілердің талаптарын азаматтық заңдарға қайшы келмейтін өзге әдістермен қанағаттандыру туралы дәрменсіз борышкер мен конкурстық және) немесе кепілдікті несие берушілер арасында жасалған келісім;

борышкерді мәжбүр етіп тарату — несие берушілер, прокурор өтінішінің негізінде сот шешімі бойынша жүзеге асырылатын дәрменсіз борышкердің қызметін тоқтату;

оңалту рәсімі — өз шеңберінде дәрменсіз борышкерге оны таратылудан сақтап қалу мақсатымен борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіруге бағытталған кез-келген қайта құрушылық, ұйымдастыру-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және заңдарға қайшы келмейтін өзге де шаралар қолданылатын сот не соттан тыс рәсім;

оңалтуды басқарушы — осы Заңда белгіленген тәртіппен дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару міндеті оңалту рәсімін енгізу мерзіміне дейін берілетін адам;

субсидиялық жауапкершілік — заңдарға немесе міндеттеме ережелеріне сәйкес негізгі борышкер болып табылатын басқа тұлғаның жауапкершілігіне қосымша жүктелетін жауапкершілік;

санация — борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілеттік берілген орган), несие берушілер немесе өзге адамдар дәрменсіз борышкерге қаржылық көмек көрсететін, сондай-ақ борышкердің резервтерін жұмылдыру мен оның қаржы-шаруашылық жағдайын жақсарту жөніндегі шаралардың өзге кешенін іске асыратын кездегі сот тәртібімен не соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын оңалту шарасы;

қасақана банкроттық — борышкер мүлкі иесінің немесе борышкер-занды тұлға органдарының ол (олар) өз мүдделерін немесе өзге адамдардың мүдделерін көздеп жүзеге асыратын әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен борышкерді дәрменсіздікке қасақана әкеп тіреуі;

жалған банкроттық — банкроттықты тану туралы борышкердің сотқа көрінеу жалған жасаған өтініші немесе оның несие берушілердің талаптарын толық қанағаттандыру мүмкіндігі болған кезде несие берушілердің бақылауымен соттан тыс тәртіппен борышкердің банкроттық туралы ресми жариялауы.

## 2 - б а п. Заңның қолданылу ерекшеліктері

1. Осы Заң қазыналық кәсіпорындар мен мекемелерден басқа, заңды тұлғалардың банкроттығы туралы істерге қолданылады.

Ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, ауыл шаруашылық кәсіпорындарына қатысты осы Заңда көзделген банкроттық рәсімдерінің қолдану ерекшеліктері арнайы заңдармен белгіленуі мүмкін.

Банктерге, сақтандыру компанияларына, зейнетақы қорларына және басқа кейбір заңды тұлғаларға қатысты осы Заңда көзделген банкроттық рәсімдерін қолдану ерекшеліктері заң актілерімен белгіленуі мүмкін.

2. Жеке кәсіпкерлердің, оның ішінде шаруа (фермер) қожалықтарының банкроттығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 21-бабымен және арнаулы заңдармен реттеледі.

3. Банкроттық туралы істерді осы Заңда белгіленген ерекшеліктермен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы ережелері бойынша сот қарайды.



### **3 - б а п. Банкроттықты тану**

1. Банкроттық борышкердің сотқа өз еркімен жазған өтініші негізінде не борышкердің өз банкроттығы туралы соттан тыс тәртіп бойынша несие берушілермен келісімі негізінде ресми жариялауы жолымен белгіленеді.

2. Банкроттық несие берушілердің немесе осы Заңмен уәкілдік берілген өзге адамдардың сотқа берген өтініші негізінде мәжбүр етіп белгіленеді.

3. Осы Заңда белгіленген жағдайларда борышкер өзін банкрот деп тану туралы сотқа өтініш беруге міндетті.

4. Егер несие берушілердің борышкерге қоятын талаптары жиынтығында ең төменгі жүз елу жалақыдан кем болмаса, банкроттық туралы істерді сот қарайды.

5. Егер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 49-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен тарату туралы шешім қабылданған заңды тұлға мүлкінің құны несие берушілердің талаптарын қанағаттандыруға жеткіліксіз болса, мұндай заңды тұлға осы Заңның 7 және 8-тарауларында белгіленген ережелер бойынша сот тәртібімен не соттан тыс тәртіппен таратылуы мүмкін.

6. Осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда борышкердің өтініш бермеуі борышкердің басшысына борышкердің несие берушілер алдындағы міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті қолдануға әкеп соғады.

7. Сот тәртібімен немесе соттан тыс тәртіппен борышкерді банкрот деп жариялауға оның дәрменсіздігі негіз болып табылады.

### **4 - б а п. Банкроттық рәсімдерді қолдану негіздері**

1. Борышкердің банкроттығы туралы несие берушінің сотқа арыздануына борышкердің төлем қабілетсіздігі негіз болып табылады.

Егер борышкер міндеттемесін орындау мерзімі жеткен кезден бастап үш ай ішінде орындамаса, ол төлеуге қабілетсіз деп есептеледі.

2. Борышкердің банкроттық туралы сотқа арыздануына оның дәрменсіздігі негіз болып табылады.

3. Борышкердің өз банкроттығы не соттан тыс тәртіппен оңалту рәсімдерін қолдану туралы ресми түрде жариялауына борышкердің дәрменсіздігі жеткілікті негіз болып табылады.

### **5 - б а п. Қасақана және жалған банкроттық**

1. Борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілдік берген орган), заңды тұлға-борышкердің құрылтайшысы (қатысушысы) және/немесе лауазымды адамдары борышкерді әдейі төлем қабілетсіздігіне (қа-

сақана банкроттыққа) жеткізгені үшін дәрменсіз борышкер несие берушілер алдында өзіне тиесілі мүлікпен субсидиялық жауапқа тартылады.

Банкрот болған заңды тұлғаның лауазымды адамы борышкерді төлем қабілетсіздігіне әдейі жеткізгені үшін оның мүлкінің меншік несіне шығындарды өтейді.

2. Егер банкроттықты тану туралы өтінішті борышкер сотқа берсе не борышкер несие берушілердің талаптарын толық көлемінде қанағаттандыруға мүмкіндігі болған кезде соттан тыс тәртіп бойынша несие берушілердің келісуімен өз банкроттығы туралы ресми түрде жарияласа (жалған банкроттық), несие берушілер борышкерден осы арқылы келтірілген шығындарды өтеуін талап етуге құқылы.

#### **6 - б а п. Мүлікті қайтару және борышкерді банкрот деп танығанға дейін оның жасаған мәмілелерін жарамсыз деп тану**

1. Борышкерді банкрот деп танығанға дейін ол жасаған мәмілелер:

1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 158-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша;

2) егер борышкердің жеке несие берушімен немесе өзге тұлғамен жасаған мәмілесі банкроттық туралы іс қозғалғаннан кейін бір несие берушілердің басқа несие берушілер алдындағы талаптарын бұрын қанағаттандыруға әкеп соқса, несие берушілердің, әкімшінің, оңалтуды немесе конкурсты басқарушылардың өтініші бойынша;

3) заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Несие берушілер, әкімші, конкурсты және оңалтуды басқарушылар, санацияға қатысушы банкроттық туралы істі қозғауға немесе несие берушілермен бірге тарату, не соттан тыс тәртіппен оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылға дейінгі мерзім ішінде мәмілелерді жарамсыз деп тануды және борышкер берген, соның ішінде жалға берген мүлікті қайтаруды бұл мүлікті тегін, нарық бағаларынан едәуір төмен бағалармен, не несие берушілердің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жеткілікті негіздерсіз алған адамдардан талап етуге құқылы.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған адамдар банкроттық туралы істі қозғағанға немесе тарату не оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдағанға дейін төрт айға дейінгі кезең ішінде борышкердің өздеріне берген мүлкін қайтаруды олардың алдындағы міндеттемелер мерзімінен бұрын орындалған несие берушілерден талап етуге құқылы. Бұл жағдайда несие берушілердің құқықтары осы Заңның ережелері бойынша қамтамасыз етіледі.



4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген негіздер бойынша банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі бір жыл ішінде қызметші (қызметкер), шаруашылық серіктестігіне қатысушы дәрменсіз борышкердің басшысына берген мүлік талап етілуі мүмкін.

#### **7 - б а п. Шартты орындаудан бас тарту**

1. Әкімші, сондай-ақ оңалтуды басқарушы банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін борышкер жасаған, екі жақ та толық немесе ішінара орындамаған шарттарды орындаудан мына жағдайлардың біреуі болған кезде:

- 1) шартты орындау борышкерге зиян келтірсе;
- 2) салыстырмалы жағдайларда жасалатын ұқсас шарттармен салыстырғанда шартта борышкерге ауыр тиетін жағдайлар болса;
- 3) шарт ұзақ (1 жылдан астам) мерзімге жасалса не борышкердің нәтижеге жетуі тек ұзақ мерзімді келешекке есептелсе;
- 4) борышкердің шартты орындауы басқа несие берушілер үшін жағымсыз жағдайларға әкеп соғады деген өзге де негіздер болса, бас тартуға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда шартты орындаудан бас тартқан кезде контрагенттің шартты бұзу арқылы келтірілген шығындарды нақты зиян мөлшерінде өтеуді борышкерден сот тәртібімен талап етуіне не бас тарту негізіне дау айтуына болады.

#### **8 - б а п. Банкроттық туралы істердің сотта қарауға жататындығы**

Банкроттық туралы істерді соттар борышкердің заңға сәйкес белгіленетін тұрған жері бойынша қарайды.

#### **9 - б а п. Әкімші, оңалтуды және конкурсты басқарушылар**

1. Қатысушылардың мүдделерін қамтамасыз ету және сырттай басқаруды, оңалту рәсімін не конкурсты (таратуды) жүргізу ісін белгілеу кезеңінде банкроттық рәсімдерін жүзеге асыру мақсаттарына жету мақсатында дәрменсіз борышкердің барлық органдары оны басқарудан шеттетіледі және борышкердің мүлкі мен істерін басқару міндеттері әкімшіге, оңалтуды не конкурсты басқарушыға (таратушыға) беріледі.

2. Әкімшіні, оңалтуды және конкурсты басқарушыларды тағайындаудың тәртібі мен ережелері, олардың кандидатураларына қойылатын талаптар, олардың құқықтары мен міндеттері, соның ішінде сыйақы алуға құқығы, дәрменсіз борышкердің істері мен мүлкін басқару жөніндегі өкілеттік көлемі осы Заңмен және несие берушілердің комитеті, ал егер ол құрылмаса — несие берушілердің жиналысы уәкілдік берген адам олармен жасасқан келісіммен реттеледі.

3. Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құруға және таратуға уәкілетті мемлекеттік орган беретін, осындай қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар адам әкімші, оңалтуды немесе конкурсты басқарушылар болып тағайындалуы мүмкін.

4. Мыналарды әкімші, оңалтуды және конкурсты басқарушылар етіп тағайындауға болмайды:

1) борышкер немесе несие беруші әкімшілігінің лауазымды адамы;

2) осы баптың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша басқарудан шеттетілген адам;

3) бұрын банкрот деп танылған кәсіпорынның басшысы;

4) егер шаруашылық серіктестік не кооператив дәрменсіз борышкер немесе оның несие берушісі болса, осындай серіктестікке қатысушылар, кооператив мүшелері.

5. Әкімші, оңалтуды және конкурсты басқарушылар мынадай жағдайларда аталған міндеттерді жүзеге асыруға тағайындалғандағы сияқты тәртіппен:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаса немесе тиісті дәрежеде орындамаса, жекелеген несие берушілердің мүдделеріне нұқсан келтіретін не басқаларға артықшылық беретін әрекеттер жасаса, басшыны жұмыстан шығаруға негіз болып табылатын өзге де әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаса;

2) лицензиялау туралы заңдарда көзделген негіздер бойынша лицензия қайтарып алынса не оның қолданылуы уақытша тоқтатылса;

3) өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алмайтын болса, борышкердің істері мен мүлкін басқарудан шеттетілуі мүмкін.

#### **10 - б а п. Несие берушілер талаптарының тізілімі**

1. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру және олардың мүдделерін банкроттық рәсімдеріне сәйкес қамтамасыз ету мақсатында несие берушілер талаптарының тізілімі жасалады.

2. Несие берушілер талаптарының тізіліміне несие берушілердің даусыз болып табылатын талаптары кіреді (осы Заңның 32-бабының 1-тармағы).

3. Банкроттық рәсімдерін енгізгеннен кейін несие берушілердің талаптарын негізді деп тануды тиісінше әкімші, оңалтуды не конкурсты басқарушылар жүзеге асырады.

4. Несие берушілердің талаптарын тізілімге енгізу не олардың талаптарының көлемі туралы несие берушілер мен әкімші, оңалтуды немесе конкурсты басқарушы арасында туындайтын келіспеушілікті тиісті несие берушінің өтініші бойынша сот қарайды. Бұл жағдайда соттың шешімі талапты тізілімге енгізу үшін негіз болып табылады.



## 2-тарау. НЕСИЕ БЕРУШІЛЕРДІҢ ЖИНАЛЫСЫ МЕН КОМИТЕТІ

### 11-б а п. Несие берушілердің жиналысы мен комитетін жасақтау (күру)

1. Несие берушілердің мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен банкроттық рәсімдері жөнінде шешім қабылдау мақсатында несие берушілердің жиналысы шақырылады.

2. Несие берушілердің жиналысы несие берушілердің комитетін құра алады, ал елуден астам несие беруші болған жағдайда оны құруға міндетті.

3. Несие берушілердің жиналысын және несие берушілердің комитетін құру туралы шешім сотқа табыс етіледі.

4. Несие берушілердің жиналысына қатысу құқығы несие берушілерге (олардың өкілдеріне), әкімшіге, оңалтуды және конкурсты басқарушыға, борышкерге, прокурорға, еңбек ұжымының өкіліне, борышкер мүлкінің несіне (ол уәкілдік берген органға) беріледі.

### 12 - б а п. Несие берушілердің бірінші жиналысы

1. Тағайындалған күнінен бастап он күн мерзімде әкімші несие берушілердің бірінші жиналысы өткізілетін күнді белгілейді және ол туралы барлық анықталған несие берушілерге және жиналысқа қатысу құқығы бар өзге де адамдарға хабарлайды.

Несие берушілердің бірінші жиналысы сырттай басқару енгізілген күннен бастап қырық бес күннен кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

2. Егер борышкерде оннан астам несие беруші болса, не анықталмаған несие берушілер бар деп ойлауға негіз болса, әкімші орталық әділет органының ресми шығарылатын басылымдарында несие берушілердің бірінші жиналысы өткізілетін күн мен орын туралы хабарландыру жариялауға міндетті.

3. Соттан тыс рәсімдерде бірінші жиналысты шақыруды несие берушілердің өздері осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырады.

4. Несие берушілер жиналыстарының одан кейінгі отырыстары несие берушілердің жиналысы (несие берушілердің комитеті) белгілеген тәртіп пен мерзімде шақырылады.

5. Несие берушілер бірінші жиналыста:

1) егер елуден астам несие беруші болса, несие берушілердің комитетін сайлауға;

2) сот алдында оңалту рәсімін жүргізу туралы өтініш мәлімдеу мүмкіндігі туралы мәселені қарауға;

3) әкімшіге төлейтін сыйақының мөлшерін және ақы төлеуді жүзеге асыру тәртібін белгілеуге міндетті.

### 13 - б а п. Несие берушілер жиналысының өкілеттігі

1. Несие берушілердің жиналысы:

1) сот алдында оңалту рәсімін өткізу, оны ұзарту немесе тоқтату туралы өтініш жасауға;

2) оңалтуды немесе конкурсты басқарушылардың кандидатураларын сотта бекітуге ұсынуға;

3) әкімшінің, оңалтуды және конкурсты басқарушының іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыру үшін несие берушілердің өкілін сайлауға;

4) жиналыстың жедел органы болып табылатын несие берушілер комитетін құруға құқылы.

Несие берушілер комитетінің өкілеттігін несие берушілердің жиналысы белгілейді;

5) бітімгершілік келісімін жасау туралы шешім қабылдауға;

6) осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес әкімшіге, оңалтуды және конкурсты басқарушыларға төленетін сыйақының мөлшерін және төлемдер жасауды жүзеге асыру тәртібін белгілеуге;

7) әкімшіден, оңалтуды және конкурсты басқарушыдан борышкердің қаржылық жағдайы және банкроттық рәсімдердің жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат беруді талап етуге;

8) әкімшінің, оңалтуды және конкурсты басқарушылардың іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасауға, сондай-ақ оларды атқарып жүрген міндеттерінен шеттету туралы сотқа өтініш жасау жөнінде шешім қабылдауға;

9) осы Заңда көзделген жағдайларда мәмілелер жасауға келісім беруге құқылы;

10) осы Заңда көзделген өзге де құқықтары болады.

2. Несие берушілер жиналысы өз өкілеттігін кепілдік және конкурстық несие берушілер дауыстарының көпшілігін талап ететін мәселелерді шешуді қоспағанда, несие берушілер комитетіне беруі мүмкін (осы Заңның 14-бабының 3-тармағы).

### 14 - б а п. Несие берушілер жиналысы мен комитетінің шешім қабылдауы

1. Кепілдік және конкурстық несие берушілер шешуші дауыс құқығымен несие берушілер жиналысына (комитетіне) қатысушылар болып табылады. Артықшылықтары бар несие берушілер несие берушілердің жиналысына (комитетіне) кеңесші дауыс құқығымен қатысады.

2. Несие берушілер жиналысының өткізілетін уақыты мен орны туралы несие берушілер, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, уақытында хабардар етілген жағдайда, несие берушілер жиналысы, оған қатысқан кепілдік және конкурстық несие берушілердің санына қарамастан, заңды болады.



3. Талаптарының жиынтығы өз талаптарының жалпы жиынтығының 50 процентінен асатын кепілдік және конкурстық несие берушілердің жалпы санының көпшілік даусымен:

1) несие берушілер комитетін сайлау туралы;

2) борышкер жөнінде оңалту рәсімін қолдану туралы;

3) оңалтуды немесе конкурсты басқарушыларды соттан тыс рәсімдермен тағайындау туралы;

4) әкімшіні, оңалтуды немесе конкурсты басқарушыларды ауыстыру туралы сотқа өтініш жасау туралы шешімдер қабылдайды.

4. Осы баптың 3-тармағында аталмаған мәселелер бойынша шешімдер кепілдік және конкурстық несие берушілердің көпшілік даусымен қабылданады, ал егер шешім бұрын несие берушілердің қажетті саны болмағандықтан қабылданбаса, мәселені қайта қараған кезде, осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, жиналысқа қатысып отырған кепілдік және конкурстық несие берушілердің көпшілік даусымен қабылданады.

5. Несие берушілер комитетінің шешімі комитет мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

### 3-тарау. БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ СОТ ТӘРТІБІМЕН ҚАРАУ

#### 15 - б а п. Банкроттық туралы іс қозғау тәртібі

1. Банкроттық туралы іс бойынша сотта борышкердің, несие берушінің (несие берушілердің) өтініші жөнінде, ал өздерінің жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі  $\frac{2}{3}$  ден кем болмайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестеріне қатысты— осы Заңның 4-бабында көзделген белгілер болған кезде, осыған уәкілеттігі бар мемлекеттік органның және осы Заңның 26-бабында көзделген жағдайларда прокурордың өтініші негізінде іс қозғалады.

2. Борышкерді банкрот деп тану туралы несие берушінің өтінішін сотқа беру құқығына бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін міндетті төлемдерге қатысты салық және өзге уәкілетті мемлекеттік органдар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар — азаматтық-құқықтық міндеттемелер жөніндегі несие берушілер не болады.

3. Банкроттық туралы іс бойынша сот борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті іске қабылдау туралы ұйғарым шығарған кезден бастап іс қозғалды деп есептеледі.

4. Борышкердің өзін банкрот деп тану туралы берген өтініші соттың тиісті шешімінсіз қайтарылып алынбайды.

Несие беруші (несие берушілер), прокурор өз өтінішін борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

#### **16 - б а п. Банкроттық туралы іске қатысушы адамдар**

Банкроттық туралы іске қатысушы адамдар мыналар болады:

- 1) борышкер;
- 2) несие берушілер;
- 3) еңбек ұжымының өкілі (борышкер қызметкерлерінің өкілі);
- 4) прокурор;
- 5) борышкер мүлкінің иесі немесе ол уәкілдік берген орган;
- 6) дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатыстын шаруашылық серіктестіктерін қайта құруға уәкілетті мемлекеттік орган;
- 7) осы Заңның 101-бабында көзделген жағдайларда тиісті әкім уәкілдік берген орган.

#### **17 - б а п. Борышкердің өтініші**

1. Борышкер өзін банкрот деп тану туралы:

- 1) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілдік берілген органның;
- 2) борышкер мүлкі иесінің немесе ол уәкілдік берген органның шешімдері негізінде сотқа жүгінуге құқылы.

2. Борышкер мүлкінің иесі, ол уәкілдік берген орган, заңды тұлғаның құрылтайшылары немесе құзыретті органы, оны тарату туралы шешім қабылдаған, ал мүлік несие берушілердің талаптарын толық көлемінде қанағаттандыруға жеткіліксіз болған және борышкерді соттан тыс тәртіппен банкрот деп ресми түрде жариялау туралы несие берушілермен келісімге қол жетпеген жағдайда, борышкер өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге міндетті.

#### **18 - б а п. Борышкер өтінішінің нысаны мен мазмұны**

1. Борышкердің өтініші сотқа жазбаша түрде беріледі. Оған борышкердің — заңды тұлғаның басшысы немесе құрылтай құжаттарына сәйкес оның орнындағы адам қол қояды.

2. Борышкердің өтінішінде мыналар болуға тиіс:

- 1) өтініш берілетін соттың атауы;
- 2) азаматтық-құқықтық міндеттемелер бойынша оған белгілі несие берушілердің, олардың почталық мекен-жайы және борышкерге қойған талаптарының мөлшері көрсетілген тізбесі;
- 3) борышкердің қызметкерлері еңбегіне төлеуге тиісті ақысы мен демалысына төлейтін жәрдемақысы бойынша берешек сомасы; авторлық шарттар бойынша ақы төленетін болып есептелетін сыйақының сомасы;



4) моральдык нұксанның орнын толтыру туралы талаптарды қоспағанда, өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін борышкердің өзі жауап беретін азаматтардың талап етуі бойынша берешегінің сомасы;

5) бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті түрде төленетін төлемдер бойынша берешек көлемі;

6) несие берушілердің талабын қанағаттандыру мүмкін еместігіне негіздеме;

7) борышкерге талап-арыздарды соттардың іске қабылдап алғаны туралы, сондай-ақ даусыз (акцептісіз) есептен шығаруға қойылған талаптар туралы мәліметтер;

8) борышкерде бар мүлік, оның ішінде кепілге берілген мүлік туралы, банктердегі шоттарда жатқан ақшалай қаражат туралы мәліметтер; шоттардың нөмірлері және банктердің почталық мекен-жайы туралы мәліметтер;

9) борышкердің өтінішті берген күннен бастап бір жыл ішінде орындалуы керек болатын міндеттемелері туралы мәліметтер;

10) банкроттық туралы іске қатысу үшін еңбек ұжымының өкілі (қызметкерлердің өкілі) туралы мәліметтер;

11) қоса тіркелетін құжаттар тізбесі.

Егер банкроттық туралы істі қарауға қажет болса, борышкердің өтінішінде өзге де мәліметтердің, сондай-ақ өтініш берушіде бар өтініштер көрсетілуі мүмкін.

3. Борышкер өзін банкрот деп тану туралы өтініштің көшірмесін барлық несие берушілерге және іске қатысушы өзге адамдарға жіберуге міндетті.

## 19 - б а п. Борышкердің өтінішіне қоса тіркелетін құжаттар

1. Борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішіне:

1) борышкер мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру туралы өтініш берген жағдайлардан басқа, белгіленген мөлшер мен тәртіп бойынша мемлекеттік бажды төлегендігін;

2) несие берушілерге және іске қатысушы адамдарға өтініштер мен оған қоса тіркелген құжаттардың көшірмелерін жібергендігін;

3) берешек болуын, сондай-ақ несие берушілердің талаптарын борышкердің қанағаттандыра алмайтындығын;

4) борышкердің өтініші негізделетін өзге жағдайларды растайтын құжаттар қоса тіркеледі.

2. Борышкердің өтінішіне сондай-ақ:

1) борышкердің оны банкрот деп тану туралы сотқа өтініш жасауына негіз болып табылатын меншік несінің немесе құрылтайшыларының (қатысушыларының), заңды тұлға органдарының шешімі;

2) дебиторлық және кредиторлық берешектердің, топтар бойын-



ша негізгі және айналым құралдары құрамының толық ашып көрсетілетін соңғы есепті кезең ішіндегі қаржы есептемесі;

3) банкроттық туралы іске қатысу үшін жасырын дауыспен олардың өкілі сайланған, борышкердің еңбек ұжымы (қызметкерлері) жиналысының (конференциясының) хаттамасы;

4) борышкердің құрылтай құжаттары қоса тіркеледі.

## **20 - б а п. Мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыру және одан босату**

1. Борышкердің өтініші бойынша, оның мүлдіктік жағдайын негізге ала отырып, сот мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыруы мүмкін. Бұл жағдайда мемлекеттік баж несие берушілермен есеп айырысқанға дейін борышкердің мүлкінен ұсталады.

2. Борышкердің мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыру туралы өтінімі болған ретте, оны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа келу осы Заңға сәйкес борышкер үшін міндетті болып табылған жағдайда, сот мемлекеттік бажды 6 айдан аспайтын мерзімге борышкердің кейін төлеуіне қалдырады.

3. Осы Заңда көзделген жағдайларда, борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа берілетін прокурордың, сондай-ақ салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органның мәлімдемесі мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

## **21 - б а п. Борышкер өтінішінің қаралмай қайтарылуы**

1. Борышкердің банкрот деп тану туралы осы Заңның 18 және 19-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін өтінішпен сотқа жүгінуі өтінішті қарамай қайтаруға негіз болып табылады.

2. Борышкер үшін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну осы Заңға сәйкес міндетті болып табылған және қажетті құжаттар өтінішке қоса тіркелмеген жағдайларда мұндай өтінішті сот іс жүргізуге қабылдайды, ал жеткіліксіз құжаттарды сот қарауына істі дайындау тәртібімен сот сұратып алады.

## **22 - б а п. Несие берушінің (несие берушілердің) өтініші**

1. Азаматтық-құқықтық міндеттемелер бойынша несие беруші (несие берушілер) өтініштерінің негізінде банкроттық туралы іс қозғалуы мүмкін.

2. Несие берушінің өтініші сотқа жазбаша түрде беріледі. Несие беруші — заңды тұлғаның өтінішіне оның басшысы не оның орнындағы адам, ал несие беруші азаматтың өтінішіне — сол азамат қол қояды. Несие берушінің өтінішіне оның өкілі қол қоюы мүмкін. Бұл жағдайда өтінішке өкілдің несие беруші атынан тиісті өтінішпен сотқа жүгінуге өкілеттігін растайтын несие берушінің сенімхаты қоса тіркеледі.

3. Несие берушінің өтінішінде мыналар көрсетілуге тиіс:



- 1) өтініш беріліп отырған соттың атауы;
- 2) борышкердің атауы және оның почталық мекен-жайы;
- 3) өтініш берген несие берушінің атауы және оның почталық мекен-жайы;
- 4) борышкердің несие беруші алдындағы оның талабынан туындаған міндеттемесі, бұл міндеттеменің орындалу мерзімі;
- 5) осы несие берушінің борышкерге қойған талаптарының мәні мен мөлшері;
- 6) міндеттеме бойынша берешек сомасы және орындамағаны үшін айып ақы (айыппұл, өсім) және борышкерден өндіріп алуға жататын зияндар ескеріле отырып, осы сомаға есептелген проценттер;
- 7) несие берушілер талаптарының белгіленген құқықтық негіздері (сот шешімі, бұл талаптарды борышкердің мойындауы, нотариустың орындау туралы қағазы, ал олар жоқ болса — несие беруші талаптарының орындылығын және олардың мөлшерін растайтын айғақтар);
- 8) борышкерде бар мүлік туралы несие берушіге белгілі мәліметтер;
- 9) қоса тіркелетін құжаттар тізбесі;
- 10) борышкерге талаптар қою айғағы және, егер банкроттық туралы істі карауға қажет болса, сондай-ақ несие берушіде бар өзге де мәліметтер.

4. Несие беруші борышкерге өтініштің және оған қоса тіркелетін құжаттардың көшірмесін жіберуге міндетті.

5. Несие берушінің осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген талаптарға сай келмейтін, сондай-ақ қажетті құжаттар қоса тіркелмей берілген өтінішін сот қарамай қайтарады.

### **23 - б а п. Несие берушінің өтінішіне қоса тіркелетін құжаттар**

Несие берушінің борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішіне:

- 1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіп пен мөлшерде төленгенін;
- 2) несие беруші өтініші көшірмесінің және оған қоса тіркелген құжаттардың борышкерге жіберілгенін;
- 3) борышкердің несие беруші алдындағы міндеттемелері, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешектің бар-жоғы мен мөлшерін;
- 4) несие беруші талаптарының орындылығын (орындау құжаттары, соттың шешімі немесе несие берушінің талаптарын борышкердің жазбаша түрде мойындауы);
- 5) несие берушінің өтініші негізделген өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар қоса тіркеледі.

## **24 - б а п. Бір немесе бірнеше несие берушінің талаптарын біріктіру**

1. Несие берушінің әртүрлі міндеттемелер бойынша борышкерге қойған бірнеше талапты бір өтінішке біріктіруге құқығы бар.

2. Несие берушілердің борышкерге қойған өз талаптарын біріктіруге және сотқа бір өтінішпен жүгінуге құқығы бар. Мұндай өтінішке өз талаптарын біріктірген несие берушілер қол қояды.

## **25 - б а п. Салық органының немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органның мәлімдемесі**

1. Бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін міндетті төлемдер төлеуге қабілетсіз болуына байланысты борышкерді банкрот деп тану туралы салық немесе өзге уәкілетті органның мәлімдемесі, егер Заңда өзгеше көзделмесе немесе құқықтық қатынастардың мәнінен туындамаса, осы Заңда несие берушінің өтінішіне қатысты көзделген талаптарды сақтай отырып сотқа табыс етіледі.

2. Борышкердің бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша қарызы сотқа жүгінуге негіз болып табылған жағдайларда, борышкерді банкрот деп тану туралы мәлімдемені сотқа тиісті қор немесе оның уәкілетті органы бере алады.

## **26 - б а п. Прокурордың мәлімдемесі**

1. Прокурор:

1) өзі қасақана банкроттық белгілерін анықтағанда;

2) несие беруші Қазақстан Республикасының, мемлекеттік органдардың мүдделерін көздеп;

3) жоқ борышкердің несие берушілерінің мүдделерін көздеп борышкерді банкрот деп тану туралы мәлімдеме жасауға құқылы.

2. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе немесе құқықтық қатынастардың мәнінен туындамаса, прокурордың мәлімдемесі сотқа осы Заңда несие берушінің өтінішіне қатысты көзделген талаптарды сақтай отырып беріледі.

## **27 - б а п. Несие берушінің, уәкілетті мемлекеттік органның немесе прокурордың мәлімдемесіне борышкердің жауабы**

1. Борышкер несие берушінің, уәкілетті мемлекеттік органның немесе прокурордың мәлімдемесінің көшірмесін алғаннан кейін бес күн мерзім ішінде бұл мәлімдемеге жауап қайтаруға және борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа өтініш беріп жүгінген адамға жауаптың және оған қоса берілген құжаттардың көшірмесі жолданғанының дәлелдемелерін сотқа жіберуге міндетті.

2. Жауапта мыналар көрсетіледі:

1) жауап жіберілетін соттың атауы;



2) мәлімдеушінің атауы, мәлімдеменің нөмірі мен күні;  
3) борышкердің мәлімдеуші талабына қарсылықтары;  
4) өзге несие берушілер алдындағы міндеттемелер, борышкер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша берешектің жалпы сомасы;

5) борышкер мүлкі, оның ішінде кепілге берілген мүлік туралы, банктердегі шоттарда жатқан ақша қаражаты туралы мәліметтер, шоттардың нөмірлері мен банктердің почталық мекен-жайлары;

6) борышкер мойындаған жағдайда мәлімдеуші талаптарының қанағаттандырылғанына айғақтар.

3. Борышкер жауабының болмауы не оны осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімді бұза отырып беруі істі қарауға кедергі болмайды.

## 28 - б а п. Банкроттық туралы іс бойынша іс қозғау

1. Борышкерді банкрот деп тану туралы заңдарда белгіленген талаптарға сәйкес келетін өтінішті ала отырып, сот өтініш берілгеннен кейін бес күннен кешіктірмей іс қозғау және оны соттың қарауына дайындау туралы ұйғарым шығарады.

2. Істі сотта қарауға дайындау барысында сот борышкерден, сотқа берілген банкроттық туралы өтінішке қоса тіркелмеген қажетті құжаттарды, атап айтқанда, банкроттық туралы іс қозғалған адамның несие берушілері мен борышкерлерінің толық тізімін, борышкердің дебиторлық және кредиторлық берешегі толық ашып көрсетілген қаржы есептемесін сұратып алады.

3. Борышкер осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды табыс етпеген жағдайда, сот олардың жасалуын борышкер есебінен тәуелсіз аудиторға тапсыра алады.

Ақпарат беру туралы соттың шешімін орындамайтын немесе оған кедергі жасайтын лауазымды адамдарды сот он еселенген есеп айырысу көрсеткіші мөлшерінде айыппұл төлеу және жеткіліксіз ақпаратты толтыруға жұмсалған шығындарды өтеу нысанында жауапқа тарта алады.

4. Банкроттық жөнінде іс қозғау туралы ұйғарымды сот борышкерге, өтініш несіне, белгілі несие берушілерге, ұжымдық шартқа қол қойған орган болып табылатын борышкердің еңбек ұжымына, сондай-ақ осы Заңның 29-бабындағы 1-тармақта көрсетілген басқа да адамдарға жібереді.

## 29 - б а п. Банкроттық туралы іс бойынша іс қозғаудың салдары

1. Банкроттық туралы іс бойынша іс қозғалатын кезден бастап:

1) борышкер мүлкінің несі (ол уәкілдік берген орган), құрыл-



тайшылары (қатысушылары), заңды тұлғаның барлық органдары борышкердің мүлкін билеу құқығынан айырылады;

2) соттардың, аралық соттардың бұрын қабылданған шешімдерін орындау, осы Заңның 33-бабындағы 1-тармақтың 2) тармақшасында көзделгеннен басқа жағдайларда тоқтатыла тұрады;

3) несие берушілердің борышкерге қоятын кез келген талаптары осы Заңда көзделген банкроттық рәсімдері шегінде ғана қойылуы мүмкін;

4) несие берушілердің, салық және өзге уәкілетті органдардың даусыз (акцептсіз) тәртіппен қанағаттандырылуға тиісті талаптары бойынша борышкер шотынан акшалай қаражат өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкін алуға жол берілмейді;

5) борышкердің лауазымды адамдарына өздеріне тиесілі акцияларды, борышкердің мүлкіндегі үлесін иеліктен айыруға тыйым салынады.

2. Сот бес күн ішінде банкроттық туралы іс қозғалғандығы жөнінде хабарландыруды орталық әділет органының ресми шығарылатын басылымдарында жариялауға міндетті.

### **30 - б а п. Несие берушілердің талаптарын қамтамасыз ету**

Несие берушінің немесе іске қатысушы өзге адамның өтініші бойынша сот несие берушілердің талаптарын қамтамасыз ету жөнінде мынадай шаралар қолдануға:

1) борышкерге тиесілі мүлікке (оның бір бөлігіне), соның ішінде акша қаражаттарына тыйым салуға;

2) борышкер мүлкінің азайып кетуіне не несие берушілердің мүдделеріне өзгеше түрде нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттер жасауына борышкерге тыйым салуға;

3) өндіріп алу даусыз (акцептсіз) тәртіппен жүргізілетін орындау құжаттары немесе өзге де құжаттар бойынша өндіріп алуды тоқтата тұруға құқылы.

### **31 - б а п. Істі соттың қарауына дайындау**

1. Борышкердің өтініші бойынша іс қозғалған борышкердің банкроттығы туралы істі соттың қарауына дайындаған кезде іс жүргізу заңдарында көзделген іс-әрекетермен қатар сот:

1) несие берушілерге және іске қатысушы өзге де адамдарға сот отырысында іс қаралатын уақыт пен орын туралы хабарлайды;

2) уәкілетті мемлекеттік органнан әкімшінің кандидатурасын сұрайды және оны сот мәжілісіне шақырады;

3) несие берушілердің әкімші кандидатурасы бойынша наразылығын қарайды;

4) әкімшінің кандидатурасын бекіту үшін сот отырысын тағайындайды.

2. Несие берушінің, прокурордың, уәкілдік берілген өзге адам-



дардың өтініші бойынша қозғалған істі соттың қарауына дайындағанда, осы баптың 1-тармағына сәйкес жасалатын іс-әрекеттермен қатар, сот:

1) борышкерден осы Заңның 18-бабының 2-тармағында және 19-бабында көзделген мәліметтер мен құжаттарды талап етеді;

2) несие берушілердің борышкер қабылдамаған талаптары болған кезде, олардың өтініштерінің негізінде дауды қарау үшін сот отырысын белгілейді.

3. Істі сотта қарауға әзірлеу кезіндегі судьяның барлық іс-әрекеті сот ұйғарымы арқылы ресімделеді, оған тараптар жалпы іс жүргізу тәртібімен дау айтуы мүмкін.

## **32 - б а п. Борышкерді сырттай басқаруды енгізу**

1. Борышкерге қойылатын даусыз талаптар болған жағдайда іс бойынша іс қозғау, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, борышкерді сырттай басқаруды енгізуге әкеп соғады.

Борышкерге даусыз талаптардың қойылғандығы мынадай жағдайларда:

1) борышкерден ақша сомаларын өндіріп алу туралы соттың шешімі немесе орындау құжатты болса;

2) борышкер несие берушілердің талаптарын қабылдаса не өзіне қойылған талаптар бойынша белгіленген мерзімде қарсылық білдірмесе;

3) банкроттық туралы іс борышкердің өтініші бойынша қозғалса, анықталды деп есептеледі.

2. Борышкерді сырттай басқарудың енгізілуіне байланысты:

1) банкроттық туралы іс бойынша іс қозғалған кезден бастап бес күннен кешіктірмей әкімші тағайындалады және сол кезден бастап борышкер — заңды тұлғаның органдары борышкердің мүлкін және істерін басқарудан шеттетіледі;

2) борышкердің қаржы жағдайы туралы мәліметтер жабық сипаттағы не коммерциялық құпияға жататын мәліметтер санатына жатқызудан шығарылады;

3) осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңның 29-бабының 1-тармағында көзделген шаралар қолданылады;

4) осы Заңның 33-бабының 1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындау сырттан басқаруды және банкроттық рәсімін жүзеге асыруға байланысты ағымдағы шығындарды жабу үшін әкімші несие берушілердің бақылауымен борышкердің мүлкіне иелік ету құқығын алады.

3. Борышкерді сырттан басқару енгізілген кезден бастап несие берушілердің өз талаптарын жеке тәртіппен қанағаттандыруға құқығы болмайды. Борышкерге қатысты барлық іс-әрекет осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.



4. Борышкерді сырттан басқару борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі шығарылып, конкурс жүргізу қозғалғанға дейін, ал оңалту рәсімі қолданылған кезде ол басталғанға дейін жүзеге асырылады. Бұл орайда оңалтуды және конкурсты басқарушының қызметін жүзеге асыру осы Заңда белгіленген тәртіп бойынша бұрын әкімші болып тағайындалған адамға жүктелуі мүмкін.

5. Талаптардың сомасы олар қоятын талаптардың жалпы сомасының кемінде  $\frac{2}{3}$  бөлігін құраса, кепілдік және конкурстық несие берушілердің келісімімен борышкердің мүлкін сырттан басқаруды енгізбеуге болады, бұл орайда борышкердің мүлкін басқаруды осы Заңның 33-бабында көзделген өкілеттік шегінде оның тиісті басқару органы жүзеге асырады. Аталған жағдайларда осы баптың 2-тармағындағы 2) 4) тармақшалар мен 3-тармағының ережелері қолданылады.

### 33 - б а п. Әкімшінің өкілеттігі

1. Әкімшінің борышкер мүлкін басқаруды жүзеге асыра отырып:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен борышкердің мүлкіне билік етуге;

2) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды қоспағанда, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауап беретін азаматтарға ақы төлеуге;

3) сырттан басқару енгізілгеннен кейін жүзеге асыру мерзімі жеткен еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша жұмыс істеп жатқан адамдарға демалыс жәрдемақыларын төлеу мен еңбегіне ақы төлеу бойынша есеп айырысу жүргізуге;

4) сырттан басқару енгізілгеннен кейін төлеу мерзімі жеткен салықтарды және бюджетке (бюджеттен тыс қорларға) төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлеуге;

5) сырттан басқару енгізілгеннен кейін атқару мерзімі жеткен міндеттемелер туындаған несие берушілер талаптарын қанағаттандыруға;

6) борышкердің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шығындар жасауға өкілеттігі бар.

2. Әкімші:

1) несие берушілер талаптарының тізілімін жүргізеді;

2) несие берушілердің, салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органның өтініші бойынша шаруашылық серіктестікке, өндіріс немесе тұтыну кооперативіне, қоғамдық бірлестікке қатысты банкроттық туралы іс бойынша іс қозғалған жағдайда қатысушылардың (акционерлердің), тиісті серіктестік мүшелерінің, кооператив, бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысын шақырады;

3) борышкердің мүлкін (активтерін) қорғау және борышкер алдындағы берешекті өндіріп алу бойынша шаралар қолданады;



4) борышкердің қаржы жағдайын талдайды, оның ішінде жалған немесе қасақана банкроттық белгілердің бар-жоғын анықтайды;

5) борышкерді оңалту мүмкіндігін айқындайды, оның ішінде оңалту рәсімін жүргізу туралы өтініш пен оңалту жоспарына қорытынды береді;

6) осы Заңда белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

#### **34 - б а п. Соттың істі қарауы**

1. Істі алдын ала дайындау аяқталған соң, бірақ іс қозғалғаннан бастап 45 күннен кешіктірмей, банкроттық туралы іс соттың қарауына тағайындалуға тиіс, ол туралы сот ұйғарым шығарады. Егер осы Заңда белгіленген жағдайларда ұзартуға негіздер болмаса, банкроттық туралы іс өтініш сотқа келіп түскеннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде сот отырысында қаралуға тиіс.

2. Соттың қарауы барысында сот оңалту рәсімін өткізу туралы өтінішті қарайды. Өтініш сот банкроттық туралы шешім шығарғанға дейін берілуі мүмкін.

3. Оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш қанағаттырылған жағдайда сот ол туралы ұйғарым шығарады, ол сонымен бірге борышкердің банкроттығы туралы іс жүргізуді тоқтатады.

4. Егер оңалту рәсімі ойдағыдай өтсе, сот банкроттық туралы іс жүргізуді қысқарту туралы ұйғарым шығарады.

Егер оңалту рәсімі тиімсіз болып шықса, сот іс жүргізуді қайта бастау туралы ұйғарым шығарады.

#### **35 - б а п. Банкроттық туралы іс бойынша сот қаулылары**

1. Сот банкроттық туралы істі сот отырысында қарап, мынадай сот актілерінің бірін қабылдай алады:

1) борышкерді банкрот деп тану және конкурс жүргізу туралы шешім;

2) борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім;

3) өтініш жасалған жағдайда оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым;

4) іс жүргізуді қысқарту туралы ұйғарым.

2. Соттың осы баптың 1-тармағында көзделген шешімдері мен ұйғарымдары, осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, іс жүргізу заңдарының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

#### **36 - б а п. Борышкерді банкрот деп тану туралы шешім**

1. Соттың борышкер — заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешімінде:

1) заңды тұлғаны тарату туралы;

2) конкурсты басқарушының тағайындалуы туралы;

3) шешім шығарылғанға дейін сотқа жүгінген несие берушілер-

дің мәлімделген талаптарының мөлшері туралы нұсқаулар болуға тиіс.

2. Борышкерді банкрот деп тану және конкурс жүргізу туралы шешімді сот орталық әділет органының ресми шығарылатын басшылығында жариялайды.

Борышкерді банкрот деп тану туралы жарияланымда:

1) борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған сот органының атауы;

2) банкроттың атауы және мекен-жайы;

3) жарияланым жасалған күннен бастап екі ай мерзім ішінде өздерінің борышкерге қоятын талаптарын табыс ету қажеттігі туралы несие берушілерге хабарлау болуға тиіс.

### **37 - б а п. Соттың борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі**

1. Егер несие берушілердің қойған талаптарына борышкер қарсылықтарын сот дәлелді деп таныса, сот борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

2. Соттың борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі несие берушілерді іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіп бойынша борышкерге өз талаптарын қою құқығынан айырмайды.

### **38 - б а п. Жалған банкроттық кезіндегі сот шешімі**

1. Жалған банкроттық белгілері болған кезде кінәлі лауазымды адамдардан барлық сот шығындарын өндіріп ала отырып, сот борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарады.

2. Сот шешімінде жалған банкроттықтан келтірілген шығындарды борышкерден өтеуді талап етуге несие берушілердің құқығы көрсетілуге тиіс (осы Заңның 5-бабының 2-тармағы).

### **39 - б а п. Іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы ұйғарым**

1. Банкроттық туралы іс бойынша істі сот іс жүргізу заңдарында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ мына жағдайларда:

1) оңалту шараларын жүзеге асыру нәтижесінде несие берушілердің сотқа мәлімделген талаптарын қанағаттандырғанда;

2) бітімгершілік келісімі жасалғанда;

3) борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті кері қайтарып алғанда (осы Заңның 15-бабының 4-тармағы) қысқартады.

2. Несие берушілер талаптарының қанағаттандырылуына байланысты соттың банкроттық туралы іс бойынша істі қысқарту жөніндегі ұйғарымында:

1) оңалтуды басқарушының есебін бекіту туралы;

2) оңалту рәсімін тоқтату туралы нұсқаулар болуға тиіс.



3. Бітімгершілік келісімге қол жеткізілуіне байланысты банкроттық туралы іс бойынша істі қысқарту туралы сот ұйғарымында бітімгершілік келісімді бекіту туралы нұсқау болуы тиіс.

**40 - б а п. Сот шығындарын және әкімшіге, оңалтуды және конкурсты басқарушыларға сыйақы төлеуге жұмсалған шығындарды бөлу**

1. Борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған кезде барлық сот шығындары, төленуі кейінге қалдырылған мемлекеттік баж жөніндегі шығындарды қоса алғанда, сондай-ақ әкімшіге, конкурсты немесе оңалтуды басқарушыға төленетін сыйақы сомасы борышкердің мүлкіне жатқызылады және осы мүлік есебінен кезектен тыс өтеледі.

Сот шығындары және оңалту шараларының нәтижесінде барлық несие берушілер талаптарын қанағаттандыруға не бітімгершілік келісімге қол жетуге байланысты іс бойынша істі қысқарту туралы ұйғарым шығарылған кезде оңалтуды басқарушыға сыйақы төлеуге жұмсалған шығындар нақ осы тәртіппен өтеледі.

2. Борышкердің несие берушілердің талаптарына қарсылықтарын соттың дәлелді деп тануына байланысты борышкерді банкрот деп танудан бас тартылған жағдайда осы баптың 1-тармағында көзделген шығындар сотқа өтініш берген несие берушілерге жатқызылады және олардың арасында талаптарына қарай бөлінеді.

3. Сот шығындарын және әкімшіге, конкурсты немесе оңалтуды басқарушыға сыйақы төлеуге жұмсалған шығындарды бөлу тәртібі соттың шешімімен немесе ұйғарымымен белгіленеді.

**41 - б а п. Сот шешімінің (ұйғарымының) заңды күшіне енуі. Шешімді (ұйғарымды) қайта қарау**

Сот шешімінің (ұйғарымының) заңды күшіне енуі мен оларды кассациялық және қадағалау тәртібімен қайта қарау азаматтық сот ісін жүргізу ережелері бойынша жүзеге асырылады.

#### 4-тарау. ОҢАЛТУ РӘСІМІ

**42 - б а п. Оңалту рәсімін қолдану**

Оңалту рәсімі тек заңды тұлғалар — коммерциялық ұйымдар жөнінде ғана қолданылуы мүмкін.

**43 - б а п. Оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш жасау**

1. Дәрменсіз борышкер, борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілдік берген орган), несие беруші оңалту рәсімін қолдану туралы сот

Борышкерге байланысты тиісті шешімді қабылдағанға дейін (осы Заңның 35-бабы) сотқа мәлімдей алады.

2. Борышкер жөнінде оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш борышкердің немесе несие берушінің банкроттық туралы іс бойынша іс қозғау туралы өтінішінде болуы мүмкін.

3. Өтініште борышкер жөнінде аталған рәсімді қолданудың қажеттілігі, борышкердің төлем қабілетін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігі негізделіп, оңалтуды басқарушының кандидатурасы бойынша ұсыныс болуға тиіс. Өтінішке кандидаттың жазба-на келісімі қоса тіркеледі.

4. Оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішке дәрменсіз борышкерді оңалту жоспары қоса тіркелуі мүмкін.

5. Борышкер беретін өтінішке соңғы 2 жыл ішіндегі қаржы есеп-темесі қоса тіркеледі.

6. Осы баптың 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін борышкер жөнінде оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш болған жағдайда оңалту жоспары өтінішпен бір мезгілде берілгеннен басқа жағдайларда, сот кепілімен қамтамасыз етілген талаптардың жалпы сомасының 50 проценттен астамы болып табылатын несие берушілердің, сондай-ақ осы несие берушілер талаптарының жалпы сомасының 50 процентінен астам өз үлесіне тиетін конкурстық несие берушілердің келісімімен оңалтуды басқарушыға кандидатқа борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіру жоспарын әзірлеу үшін 30 күннен 60 күнге дейін мерзім береді.

Осы тармақта көрсетілген кезеңде дәрменсіз борышкерді басқару ісін әкімші жүзеге асырады.

7. Егер кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптардың жалпы сомасының 50 процентін иеленетін кепілдік несие берушілер, сондай-ақ сол несие берушілер талаптарының жалпы сомасының 50 процентінен астамы өз үлестеріне тиетін конкурстық несие берушілер борышкердің төлем қабілетін қалпына келтірудің ұсынылып отырған жоспарымен келіссе, ал борышкерді оңалту жоспарымен келіспеген несие берушілердің мүдделеріне нұқсан келмейтін болса, сот оңалту жоспарын бекітіп, банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру және борышкер жөнінде оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым шығарады.

#### **44 - б а п. Дәрменсіз борышкерді оңалту жоспары**

1. Дәрменсіз борышкерді оңалту жоспарында борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіру жөніндегі нақты шаралар (оңалту шаралары) және осы Заңның 47-бабының 2-тармағында аталған несие берушілер алдындағы берешекті өтеу мерзімі қамтылуға тиіс.

Оңалту жоспарына өзгерістер енгізуге осы Заңның 43-бабының 7-тармағында белгіленген талаптар сақтала отырып жол беріледі.

2. Оңалту шараларына кез келген ұйымдық-шаруашылық, тех-



никалык, каржы-экономикалык, құқықтық және заңдарға қайшы келмейтін, дәрменсіз борышкерді таратуға жол бермеуге бағытталған өзге де шаралар, сондай-ақ осындай шаралар кешені, атап айтқанда, санация, борышкердің талап ету құқықтарына кеңшілік жасау, борышты акцияға айырбастау, бітімгершілік келісім жасау кіруі мүмкін.

#### 45 - б а п. Оңалту шараларын қолданудың негізі

Борышкер жөнінде оңалту рәсімін қолдануға оның таратылуына жол бермеу мақсатында төлем қабілетін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігінің болуы негіз болып табылады. Борышкердің төлем қабілетін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігі тиісті құжаттармен: шарттармен, есептермен, экономикалық негіздемелермен және т. б. расталады.

#### 46 - б а п. Оңалту рәсімін енгізудің салдары

1. Борышкер жөнінде оңалту рәсімін жүзеге асыру кезеңінде заңды тұлғаның барлық органдарының мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттігі өзіне ауысатын оңалтуды басқарушы тағайындалады. Оңалтуды басқарушының борышкерді оңалту мақсатына жетуге бағытталған, заңдарға қайшы келмейтін кез келген іс-әрекеттер жасауға (қызметкерлерді жұмыстан босату, ішкі қайта құруды жүзеге асыру: ішкі бөлімшелерді тарату және т. б.) құқығы бар.

2. Оңалту рәсімін жүзеге асыру мерзімінде дәрменсіз борышкердің несие берушілерінің талаптары осы Заңның 47-бабында белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

#### 47 - б а п. Несие берушілермен есеп айырысу

Оңалту рәсімін енгізген кезден бастап:

1) борышкер моральдық зиянның орнын толтыру туралы талаптарды қоспағанда, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін жауап беретін азаматтардың талаптары қанағаттандырылады;

2) төлеу мерзімі оңалту рәсімі енгізілгеннен кейін жеткен, еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жатқан адамдармен демалыс жәрдем ақыларын және еңбекке ақы төлеу жөнінде, авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысу жасалады;

3) төлеу мерзімі оңалту рәсімі енгізілгеннен кейін жеткен салықтар мен бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін өзге де міндетті төлемдер төленеді;

4) міндеттемелерден, оның ішінде оңалтуды басқарушы жасасқан мәмілелерден туындаған, орындалу мерзімі оңалту рәсімін жү-

## 50 - б а п. Оңалту рәсімінің мерзімі

Оңалту рәсімін жүзеге асырудың ұзақтығы екі жылдан аспауға тиіс. Оңалтуды басқарушының өтініші бойынша сот оны жүзеге асыру мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ ол 6 айдан аспауға тиіс.

## 51 - б а п. Оңалтуды басқарушының өкілеттігі

1. Оңалтуды басқарушы:

1) борышкердің мүлкін басқаруға қабылдайды және оған осы Заңда белгіленген шекте билік етеді;

2) борышкердің мүлкі жөнінде тиісті құқықтары болады және оның барлық органдары үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген міндеттерді атқарады;

3) оңалту жоспарын орындауды ұйымдастырады;

4) осы Заңда көзделген басқа да міндеттерді орындайды.

2. Несие берушілер жиналысының (комитетінің) келісімімен оңалтуды басқарушы:

1) жылжымайтын мүлікке иелік ету (иеліктен айыру, пайдалануға, кепілге беру және т. б.) бойынша мәмілелер жасайды;

2) борышкердің құны активтер құнынан 20 процент асатын борышкердің өзге мүлкіне иелік ету жөнінде мәмілелер жасайды;

3) борышкердің тұтынуға, оның ішінде борышкер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығындарды ұлғайтуға әкеп соғатын шешімдер қабылдайды.

3. Оңалтуды басқарушы несие берушілер өкілінің талап етуі бойынша (осы Заңның 13-бабындағы 1-тармағының 3) тармақшасы) оны борышкердің мүлкін иелену бойынша жасаған мәмілелері туралы хабардар етуге, ал ол болмаған жағдайда мұндай мәмілелер туралы несие берушілердің жиналысына (комитетіне) ай сайын есеп беруге міндетті.

Осы тармақта белгіленген ережелер борышкердің оңалту жоспарында көзделген мүлкіне билік ету жөніндегі мәмілелерге қолданылмайды.

4. Егер борышкердің оңалту рәсімін енгізгеннен кейін пайда болған ақшалай міндеттемелерінің жалпы мөлшері несие берушілер талаптарының жалпы сомасының 20 процентінен асса, оңалтуды басқарушы борышкердің жаңа ақшалай міндеттемелерін туындатуы мүмкін мәмілелерді тек несие берушілердің келісімімен ғана жасай алады.

5. Оңалтуды басқарушы осы Заңның 6-бабында көзделген негіздер бойынша борышкердің мәмілелерін заңсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

6. Оңалтуды басқарушының құқықтары мен міндеттері осы Заңмен, ал онда реттелмеген бөлігінде — Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (жалпы бөлім), сондай-ақ оңалтуды



басқарушының несие берушілермен жасасқан шартымен белгіленеді (осы Заңның 9-бабының 2-тармағы).

#### **52 - б а п. Оңалтуды басқарушының жауапкершілігі**

Оңалтуды басқарушы оңалту рәсімін дұрыс жүргізбегендігі үшін шартқа сәйкес жауап береді (осы Заңның 51-бабының 6-тармағы).

#### **53 - б а п. Оңалту рәсімін тоқтату**

1. Оңалтуды басқарушы борышкер жөніндегі оңалту рәсімін аяқтау туралы өтінішпен:

1) егер борышкер жөніндегі оңалту рәсімінің мақсаты орындалса;

2) егер ол бұл мақсатқа жету мүмкін болмайтынына көзі жетсе, сотқа жүгіне алады.

2. Борышкерді оңалту жоспарын іске асыру не оңалтуды басқарушының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) өз мүдделеріне нұқсан келтіреді деп есептейтін борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілдік берген орган) немесе несие берушілердің кез келгені осы жоспарды қайта карау немесе оңалту рәсімін тоқтату туралы сотқа өтініш бере алады. Өтінішті сот он күн мерзімде қарайды және қарау нәтижесі бойынша ұйғарым шығарады.

#### **54 - б а п. Оңалту рәсімін тоқтатудың салдары**

Оңалту рәсімінің мерзімі аяқталған соң, ал осы Заңның 53-бабында көзделген жағдайларда осы мерзім аяқталғанға дейін сот:

1) егер оңалту рәсімінің мақсатына қол жетсе, борышкер жөнінде оңалту рәсімін тоқтату және банкроттық туралы істі қысқарту туралы ұйғарым шығара алады;

2) егер оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізу мүмкін болмаса, борышкер жөнінде оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану туралы және конкурстық іс ашу туралы шешім қабылдай алады.

#### **55 - б а п. Санация**

1. Егер дәрменсіз борышкерді оңалту шаралары ретінде оңалту жоспарына санация енгізілсе, санацияға қатысушының борышкерге және/немесе несие берушілерге оңалту жоспарына сәйкес мөлшері мен мерзімін көрсете отырып, ақша қаражатын аудару туралы жазбаша міндеттемесі жоспарға қоса берілуге тиіс.

2. Санацияға қатысушы барлық несие берушілердің талаптарын олармен келісілген мерзімде қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өз мойнына алуы мүмкін. Мұндай жағдайда борышкерді басқаруды санацияға қатысушы немесе ол тағайындаған адам оңалтуды басқарушы үшін көзделген өкілеттік шегінде жүзеге асырады. Санацияға қатысушының борышкер мүлкін бас-



каруды жүзеге асыруына осы Заңның 9-бабы 3 және 4-тармақтарының ережелері қолданылмайды.

3. Сот санацияға қатысушыдан осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген міндеттемелерді оның орындау мүмкіндігін растайтын құжаттарды сұратып алуға құқылы.

### **56 - б а п. Санацияға қатысушылардың келісімі**

Егер санацияға несие берушілердің талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өз мойнына алған екі және одан да көп тұлғалар қатысса, олар несие берушілердің алдындағы жауапкершілікті өздерінің арасында бөлуді, санацияға қатысудан ол басталғаннан кейін санацияға қатысушылардың біреуі немесе бірнешеуі бас тартқан жағдайдағы жауапкершілікті, борышкер мүлкін басқаруға қатысу тәртібін көздейтін келісім жасасуға тиіс.

### **57 - б а п. Санацияға қатысушылардың жауапкершілігі**

1. Осы Заңның 55-бабының 2-тармағында көзделген міндеттені өз мойнына алған санацияға қатысушы борышкер таратылғаннан кейін, егер ықтиярсыз күштің салдарынан немесе несие берушілердің, не борышкердің (борышкер мүлкі иесінің) іс-әрекеттері салдарынан санация мақсатына қол жеткізілмегенін дәлелдей алмаса, оның өтелмеген міндеттемелері бойынша субсидиялық жағынан жауап береді.

Егер келісімде басқаша көзделмесе, санацияға екі немесе одан да көп тұлға қатысқан жағдайда, мұндай жауапкершілікті олар бірігіп көтереді.

2. Дәрменсіз борышкердің несие берушілері талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алмаған санацияға қатысушының жауапкершілігі қатысушының оңалтуды басқарушымен несие берушілердің жиналысында бекітілген келісімімен белгіленеді.

### **58 - б а п. Санацияға қатысушының құқықтары**

1. Санацияның мақсатына жетуге байланысты банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қысқартқан кезде оның өзіне осы Заңның 55-бабының 2-тармағында көзделген міндеттеме алған және борышкер мүлкінің иесі болып табылмайтын қатысушысы өзі инвестициялаған қаражат мөлшерінде санация басталғанға дейін шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде шаруашылық серіктестігі мүшесінің құқығына ие болады, ал егер мемлекеттік кәсіпорын немесе өндірістік кооператив борышкер болса — мүлік иесінің тиісті уәкілдік берілген мемлекеттік органының не кооператив мүшелері



жалпы жиналысының шешімі негізінде оны алдын ала шаруашылық серіктестігі етіп қайта ұйымдастырады.

Аталған шешім сотқа оңалту жоспарымен бірге ұсынылуға тиіс.

Бұл жағдайда құрылған шаруашылық серіктестігі жарғылық капиталының мөлшері, жарғылық капитал екі жыл бойы белгіленген мөлшерге дейін толықтырылған жағдайда, заңдарда көзделген ең төменгі мөлшерден аз болуы мүмкін.

2. Санацияға екі немесе одан да көп тұлғалар қатысқан жағдайда борышкердің мүлкіндегі үлес мөлшері олардың әрқайсысы санация мақсаты үшін пайдаланған қаражаттың мөлшеріне қарай белгіленеді.

#### **59 - б а п. Борышкердің талаптар қою құқықтарына жеңілдік жасау**

1. Оңалту жоспарында бұл талаптарды заңдарға сәйкес өткізілетін ашық сауда-саттықта сату жолымен борышкердің талаптар қою құқықтарына жеңілдік берілуінің көзделуі мүмкін.

2. Борышкердің талап қою құқықтарына ашық сауда-саттық өткізбестен жеңілдік беру белгіленген тәртіппен жасалған бітімгершілік келісімге сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

### **5-тарау. БІТІМГЕРШІЛІК КЕЛІСІМ**

#### **60 - б а п. Жалпы ережелер**

1. Борышкер мен несие берушілер арасындағы бітімгершілік келісім банкроттық туралы іс бойынша сот ісін жүргізудің кез келген сатысында борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылғанға дейін жасалуы мүмкін.

2. Бітімгершілік келісім жазбаша түрде жасалады. Әкімшіні немесе оңалтуды басқарушыны тағайындаған кезде соңғысы оған борышкердің атынан қол қояды.

3. Бітімгершілік келісім мынадай ережелерден тұруы мүмкін:

1) борышкер міндеттемелерін қарызды кешіру жолымен, өз құқығынан бас тартып төлем төлеумен, міндеттемелерді жаңартумен не азаматтық заңдарда көзделген өзге де әдіспен тоқтату;

2) міндеттемелерді кейін не бөліп орындау;

3) қарызды азайту;

4) несие берушілердің талаптарын азаматтық заңдарға қайшы келмейтін өзге әдістермен қанағаттандыру.

#### **61 - б а п. Бітімгершілік келісім жасасу ережелері**

1. Егер талап ететін сомасы өз талаптарының жалпы сомасының 2/3-бөлігінен астам болатын кепілдік және конкурстық несие беру-



шілер жалпы санының 1/2-інен астамы колдаса және борышкер келесі кезектердегі несие берушілердің талаптарын толық көлемінде қанағаттандырса, бітімгершілік келісімге қол жетті деп есептеледі, бұған несие берушілердің қарызды кейінге қалдыруға, бөліп төлеуге не кемітуге өз еркімен көнетін реттері қосылмайды.

2. Бітімгершілік келісім жасасуға келіспеген несие берушілерге оның борышкерге міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыруға және/немесе бөліп орындауға мүмкіндік беретін шарттары қолданылады, бұл орайда олар үшін бітімгершілік келісім жасасуға келіскен, талаптары нақ сол кезекке жатқызылған несие берушілерге белгіленгенінен нашар шарттар белгілеуге болмайды.

3. Бітімгершілік келісім қасақана банкроттық анықталған кезде жасалмайды.

## **62 - б а п. Бітімгершілік келісімнің күшіне енуі**

1. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы өтініш жасау кезінде борышкер өзі және несие беруші (несие берушілер) қол қойған бітімгершілік келісімді, сондай-ақ несие берушілердің бітімгершілік келісім жасасуға берген жазбаша қарсылықтарын, кәсіпорынның балансын, мекен-жайлары мен берешек сомалары көрсетіле отырып, екінші және бесінші кезектердегі барлық несие берушілердің тізімін, сондай-ақ басқа кезектердің талаптары бойынша берешектің толық көлемінде өтелгендігі туралы анықтаманы табыс етуге міндетті.

2. Бітімгершілік келісім соттың ұйғарымымен бекітіледі және ол заңды күшіне енген күннен бастап барлық несие берушілер үшін міндетті болып табылады.

## **63 - б а п. Бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту негіздері**

1. Сот мынадай жағдайларда:

1) бітімгершілік келісім жасасу шарттары орындалмағанда (осы Заңның 61-бабы);

2) бітімгершілік келісімнің нысанына қойылатын талаптар сақталмағанда (осы Заңның 60-бабы);

3) заңдардың талаптарына сәйкес келмегенде, бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартады.

2. Сот:

1) егер бітімгершілік келісімде жекелеген несие берушілердің артықшылығын көздейтін және жекелеген несие берушілердің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін шарттар болса;

2) егер бітімгершілік келісімді орындау борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіруге жеткізбейтін болса, бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартуға құқылы.

3. Сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартқан жағдайда, борышкерді банкрот деп тану және оның таратылғандығы туралы



шешім не осы Заңмен белгіленген тұлғалардың өтінімі болған жағдайда оңалту рәсімдерін қолдану туралы ұйғарым шығарады.

#### **64 - б а п. Бітімгершілік келісімді жарамсыз деп тану**

1. Егер борышкер қаржылық есепте, өзге де бухгалтерлік құжаттарда мүлікті дұрыс көрсетпесе, не қаржылық есепті бұрмаласа, не жалпы ереже бойынша мәміленің жарамсыздығына әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасаса, соның ішінде мұндай іс-әрекет басқа несие берушілердің мүдделеріне нұқсан келтіру мақсатымен бір немесе бірнеше несие берушілермен ымыраласып жасалса, сот кез келген несие берушінің талап етуі бойынша немесе прокурордың наразылығы бойынша бітімгершілік келісімді жарамсыз деп тануы мүмкін.

2. Сот бітімгершілік келісімді жарамсыз деп танығаннан кейін борышкердің банкроттығы туралы іс бойынша іс қозғауды қайта бастайды.

3. Бітімгершілік келісім жарамсыз деп танылып, конкурс жүргізу қайта басталған жағдайда бұл туралы хабарлама борышкердің есебінен орталық әділет органының ресми шығарылатын басылымдарында жариялануға тиіс.

4. Бітімгершілік келісім жарамсыз деп танылған жағдайда өздеріне есептелген төлемдерді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу жүргізілген несие берушілердің талаптары немесе олардың қанағаттандырылмаған бөліктеріндегі қарызға жеңілдік толық көлемінде қалпына келтіріледі, несие берушілердің бітімгершілік келісімді орындау тәртібімен алғандарының бәрі борышкерге қайтарылады. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру осы Заңмен белгіленген ережелер бойынша конкурс жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

### **6-тарау. ДӘРМЕНСІЗ БОРЫШКЕРДІ ТАРАТУ (КОНКУРС ЖҮРГІЗУ)**

#### **65 - б а п. Жалпы ережелер**

1. Конкурс жүргізу несие берушілердің талаптарын мөлшерлес қанағаттандыру және банкротты қарыздан басы бос деп жариялау мақсатымен жүзеге асырылады.

2. Тарату рәсімінің мерзімі сот шешімімен белгіленеді және ол 12 айдан аспауы керек. Конкурссты басқарушының өтініші бойынша бұл мерзім әрі кеткенде 3 айға ұзартылуы мүмкін.



## 66 - б а п. Конкурс жүргізуге қатысушылар

Сот, несие берушілердің жиналысы (несие берушілердің комитеті), банкрот, конкурсты басқарушы және басқа да мүдделі адамдар конкурс жүргізуге қатысушылар болып табылады.

## 67 - б а п. Конкурс жүргізудегі соттың өкілеттігі

Соттың конкурс жүргізуде мынадай өкілеттігі бар:

- 1) конкурс жүргізуді қозғайды және оны тоқтатады;
- 2) заңды тұлғалардың тіркелуін жүзеге асыратын әділет органына заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім шығарылғанын хабарлайды;
- 3) борышкер мүліктік сипаттағы жауапкер ретінде болатын даулар бойынша істерді өзінің жүргізуіне қабылдайды;
- 4) конкурсты басқарушыны бекітеді;
- 5) конкурс жүргізуге қатысушылардың арасындағы дауларды шешеді;
- 6) конкурс жүргізу қозғалғаны туралы қаржы органдарына, банктерге және басқа несие беруші мекемелерге хабарлайды.

## 68 - б а п. Банкрот үшін конкурс жүргізуді қозғаудың салдары

1. Борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы сот шешімі қабылданған кезден бастап мынадай салдары болады:

- 1) банкроттың мүлікті иеліктен айыруына және уақытша беруіне тыйым салынады;
- 2) банкроттың барлық қарыз міндеттемелерінің мерзімдері өткен деп есептеледі;
- 3) банкрот берешектерінің барлық түрлері бойынша өсімдер мен проценттер есептеу тоқтатылады;
- 4) егер банкроттың қатысуымен сотта қаралатын мүліктік сипаттағы даулар бойынша қабылданған шешімдер заңды күшіне енбесе, олар қысқартылады;
- 5) банкротқа мүліктік талантар тек конкурс жүргізу шеңберінде ғана қойылуы мүмкін.

2. Банкроттың сотқа конкурсты басқарушының және несие берушілер жиналысының (комитетінің) заңсыз іс-әрекетіне шағым жасауға құқығы бар.

3. Егер конкурстық мүліктің құрамында жылжымайтын мүлік болса, сот шешімінің негізінде банкроттың мүлікті иеліктен айыруына және беруіне тыйым салу жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу органдарында тіркелуге тиіс.

## 69 - б а п. Конкурсты басқарушы — таратушы

Конкурс жүргізуді жүзеге асыру үшін сот конкурсты басқарушыны бекітеді немесе тағайындайды.



Несие берушілер жиналысында сайланған адам (талап етуі талаптар жалпы сомасының кемінде 2/3 бөлігі болатын несие берушілердің келісімімен) конкурсты басқарушы болып бекітіледі.

Несие берушілердің келісімімен конкурсты басқарушының міндеттері әкімшіге жүктелуі мүмкін.

Егер несие берушілер жиналысында конкурсты басқарушы сайланбаса, оны уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша сот тағайындайды.

#### **70 - б а п. Конкурсты басқарушы-таратушының өкілеттігі**

Конкурсты басқарушы:

1) борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап бір апта мерзімде орталық әділет органының ресми шығарылатын басылымдарында борышкерді банкрот деп тану туралы және несие берушілердің талап етіп өтініш беру тәртібі туралы жарияланым береді, сондай-ақ бұл туралы өзіне белгілі барлық несие берушілерге жазбаша хабарлайды;

2) борышкердің мүлкін қорғауға және бақылауға алады;

3) борышкердің банкроттығы туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде борышкер алдында берешегі бар тұлғаларға осы берешекті заңда белгіленген тәртіппен өндіріп алу туралы талаптар қояды;

4) осы Заңның 6-бабында аталған мән-жайлар кезінде борышкер жасаған мәмілелерді анықтайды және оларды жарамсыз деп тану туралы не сот тәртібімен мүлікті қайтару туралы талаптар қояды;

5) екі ай мерзімде борышкердің қызметкерлеріне келешекте жұмыстан босатылатыны туралы хабарлайды;

6) несие берушілердің талаптарын өтеу мақсатында борышкердің мүлкін (активтерін) сатуды жүзеге асырады;

7) несие берушілермен есеп айырысады;

8) борышкерді банкроттыққа жеткізгені үшін жауапты адамдарды (шаруашылық серіктестерінің лауазымды адамдарын, басшыларды, қатысушыларды (кұрылтайшыларды), негізгі компанияны және т. б.) анықтап, сотқа жүгінеді;

9) несие берушілер талаптарының тізілімін жүргізеді;

10) осы Заңға сәйкес өзге де өкілеттігі болады.

#### **71 - б а п. Несие берушілердің талаптары**

1. Несие берушілердің борышкерге талаптары борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей мәлімделуі мүмкін.

Несие берушілердің талаптарында талаптар мөлшері туралы мәліметтер болуға тиіс (негізгі қарыздардың, проценттердің, айып-



тың және өзге де айыппұлдар санкцияларының, залалдардың мөлшері туралы жеке-жеке, талаптардың негіздемесі мен мөлшерін растайтын құжаттар (соттың күшіне енген шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің қарызын тануы және т. б. қоса беріледі).

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімде несие берушілердің мәлімдеген талаптарын конкурсты басқарушы оларды алған кезден бастап бір ай мерзім ішінде қарауға тиіс және ол мойындаған талаптар тізілімге енгізіледі.

Несие берушілердің бұрын сотқа немесе әкімшіге мәлімдеген талаптары, егер олар осы баптың 1-тармағының екінші абзацында аталған талаптарға сәйкес келсе, тізілімге енгізілуі мүмкін.

3. Несие берушілердің өзіне берешек сомасын және осы сомаға есептелетін проценттерді, борышкер тарапынан міндеттемелердің орындалмауынан немесе тиісінше орындалмауынан келтірілген зиянды, айыптарды (айыппұл, өсімдер) және өзге де айыппұл санкцияларын қамтитын талаптарды борышкерге қоюға құқығы бар.

4. Проценттердің мөлшері борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі қабылданған кезде айқындалады.

5. Залалдардың, айыптардың (айыппұлдар, өсімдер) және өзге де айыппұл санкцияларының мөлшері борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешім қабылданған кезде, ал оңалту рәсімі қолданылған жағдайларда — оңалту рәсімі енгізілген кезде айқындалады.

Несие берушілердің банкроттық рәсімдерге қатысуына байланысты шығындары өтелмеуге тиіс.

## **72 - б а п. Несие берушілердің талаптарын қарау**

1. Конкурсты басқарушы несие берушілердің талаптарын қараудың нәтижелері туралы (талаптарды толық көлемінде немесе ішінара тану немесе танымау туралы) әрбір несие берушіге шешім қабылданған күннен кейінгі келесі күні жазбаша түрде (танымаудың себептерін көрсете отырып) хабарлауға міндетті.

2. Егер қарау мерзімінде талапқа (осы Заңның 71-бабының 2-тармағы) конкурстық басқарушы қарсылық білдірмесе, ол танылды деп есептеледі.

3. Конкурсты басқарушының шешімімен келіспейтін несие беруші, құрылтайшы (қатысушы) банкроттық туралы істі қарайтын, дау айтылған талап жөніндегі шешімі заңды күшіне енген сотқа бір ай мерзім ішінде осы шешім жөнінде дау айтуға құқылы.

4. Борышкердің несие берушілері тізілім мазмұнымен танысуға құқылы, ал кемінде елу конкурстық несие берушінің талабы бойынша несие берушілер талаптарының тізілімі борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы жарияланым жасалған баспасөз органында жариялануға тиіс.



### **73 - б а п. Соттың несие берушілер талаптарының тізілімін бекітуі**

1. Конкурсты басқарушы несие берушілер талаптарының тізілімін және оларды қараудың нәтижелерін сотқа бекіту үшін соттың борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешімі күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірмей беруге міндетті.

2. Несие берушілер талаптарының конкурсты басқарушы табыс еткен тізілімін және оларды қарау нәтижелерін несие берушілердің, құрылтайшылардың (қатысушылардың) қарсылығы болмаған жағдайда сот бір апта мерзімде бекітеді. Несие берушінің (несие берушілердің), құрылтайшылардың (қатысушылардың) қарсылығы болған жағдайда сот туындаған дауды осы Заңның 72-бабының 3-тармағына сәйкес қарайды.

Тізілімді бекіту туралы ұйғарым шығарылады.

### **74 - б а п. Конкурстық масса**

1. Талап ету құқығын (дебиторлық берешек) қоса алғанда, борышкердің мүлкі, осы Заңның 83-бабының 2-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, конкурстық масса болады.

2. Конкурстық массаға толық серіктестердің жеке мүлкі, толық және коммандиттік серіктестердің бұрынғы қатысушыларының, қосымша жауапкершілікті серіктестер қатысушыларының, сондай-ақ банкроттың мүлкі жетпеген кезде азаматтық іс жүргізу заңдарына сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін болатын өндірістік кооператив мүшелерінің өз мүлкі кіреді және жеке есептеледі.

3. Өзге тұлғалардың борышкерді банкроттыққа дейін жеткізгені үшін субсидиялық жауапкершілігі заңдарда көзделген жағдайларда бұл жауапкершілік мөлшері несие берушілер талаптарының жалпы сомасы мен борышкер мүлкінің конкурстық массасының арасындағы айырма ретінде айқындалады. Конкурсты басқарушы мұндай тұлғаларға борышкердің барлық несие берушілерінің мүдделерінде талаптар қоюға міндетті. Жекелеген несие берушілердің өз мүдделерін көздеп мұндай талаптар қоюына жол берілмейді.

### **75 - б а п. Конкурстық массаны бөлу кезегі**

1. Конкурс жүргізуге, әкімшінің, оңалтуды және конкурсты басқарушылардың міндеттерін атқаруға байланысты шығындар кезектен тыс өтеледі.

2. Таратылатын банкрот өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін жауап беретін азаматтардың талаптары тиісті уақытылы төленетін капиталға айналдыру арқылы бірінші кезекте қанағаттандырылады.



3. Несие берушілердің таратылатын банкроттың мүлдіктік кепілдігімен қамтамасыз етілген міндеттемелері бойынша талаптары қамтамасыз ету сомасы шегінде екінші кезекте қанағаттандырылады.

4. Еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жатқан адамдардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі есеп айырысу үшінші кезекте жүргізіледі.

5. Бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер жөніндегі берешек төртінші кезекте өтеледі.

6. Басқа несие берушілермен есеп айырысу заң актілеріне сәйкес бесінші кезекте жүргізіледі.

#### **76 - б а п. Несие берушілермен есеп айырысу ережелері**

1. Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектегі талаптар толық қанағаттандырылған соң қанағаттандырылады.

2. Банкроттың мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда ол тиісті кезектегі несие берушілер арасында олардың қанағаттандыруға тиісті талаптарының сомаларына сәйкес бөлінеді.

3. Конкурсты басқарушы несие берушінің талаптарын қанағаттандырудан не оны қараудан бас тартылған жағдайда несие беруші тарату балансын бекіткенге дейін конкурсты басқарушыға талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

4. Несие берушілердің осы Заңның 71-бабының 1-тармағында көзделген мерзім біткеннен кейінгі, бірақ тарату балансы бекітілгенге дейінгі талаптары, несие берушілердің белгіленген мерзімде мәлімделген талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған борышкердің мүлкінен қанағаттандырылады.

5. Бірінші және үшінші кезектегі несие берушілердің барлық несие берушілермен есеп айырысқанша қойған талаптары конкурстық мүлдіктің есебінен қанағаттандырылуға тиіс. Мұндай талаптар қанағаттандырылғанға дейін тиісті кезекте тұрған несие берушілердің талаптарын өтеу тоқтатыла тұрады. Белгіленген мерзімде білдірілген, бірақ конкурстық басқарушының тарапынан мойындалмаған, оларды қанағаттандыру туралы соттың шешімі бар, басқа кезектердегі несие берушілердің талаптары да осындай тәртіппен қанағаттандырылуға тиіс.

6. Банкроттың мүлкі жетпегендіктен қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделмеген несие берушілердің талаптары өтелген деп есептеледі.

#### **77 - б а п. Бірінші кезектегі несие берушілер талаптарын қанағаттандырудың көлемі мен тәртібі**

1. Борышкер өміріне және денсаулығына залал келтіргені үшін жауапты болатын азаматтар талаптарының мөлшерін айқындау азаматқа 70 жасқа жеткенге дейін, бірақ 10 жылдан кем емес уа-



қытта төленуге тиісті мерзімді төлемдерді (борышкерді банкрот деп таныған күнгі мөлшерде) капиталға айналдыру жолымен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес айқындалған сомаларды төлеу борышкердің тиісті міндеттемесін тоқтатады.

3. Бірінші кезектегі несие берушілердің талаптары, тек басқа, кепілдікке қойылмаған мүлікті сатудан түскен сомалар жетпеген жағдайда ғана кепілдіктегі мүлік құнының есебінен қанағаттандырылуы мүмкін.

#### **78 - б а п. Екінші кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандырудың көлемі мен тәртібі**

1. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша талаптардың көлемін айқындау кезінде кепілдікпен қамтамасыз етілген бөліктегі міндеттеме бойынша берешек ескеріледі.

2. Несие берушілердің кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша талабы кепілдікке қойылған мүліктің құны есебінен қанағаттандырылады.

3. Кепілдікпен қамтамасыз етілмеген бөліктегі міндеттеме бойынша берешек бесінші кезектегі талаптардың құрамындағы несие берушілер талабының тізілімінде ескеріледі.

#### **79 - б а п. Үшінші кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандырудың көлемі мен тәртібі**

1. Үшінші кезектегі несие берушілер талаптарының көлемін анықтау кезінде банкроттық туралы іс жөнінде іс қозғалған кезде пайда болған, өтелмеген қарыз ескеріледі.

2. Егер банкроттық туралы іс жөнінде іс жүргізу қозғалғаннан кейінгі кезеңде борышкердің тарапынан жалақы, авторлық сыйақы және демалыс жәрдемақыларын төлеу жөніндегі міндеттер толық көлемде орындалмаса, борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешім күшіне енгенге дейін төленбеген сомалар борышкердің үшінші кезектегі несие берушілердің алдындағы берешегінің жалпы сомасына енгізіледі.

#### **80 - б а п. Төртінші кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандырудың көлемі мен тәртібі**

1. Бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша талаптардың көлемін айқындау жағдайында банкроттық туралы іс жөнінде іс жүргізу қозғалған кезде пайда болған берешек (толық төленбеген төлем) ескеріледі.

2. Егер борышкердің тарапынан банкроттық туралы іс жөнінде іс жүргізу қозғалғаннан кейінгі кезеңде бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлемдер толық мөлшерде аударылмаса, борышкер-



ді банкрот деп тану және, оны тарату туралы шешім күшіне енгенге дейін төленбеген сомалар борышкердің төртінші кезектегі несие берушілер алдындағы берешектерінің жалпы сомасына енгізіледі.

3. Қаржы санкцияларының сомалары бесінші кезектегі талаптардың құрамында ескеріледі.

### **81 - б а п. Бесінші кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандырудың көлемі мен тәртібі**

1. Бесінші кезектегі несие берушілер талаптарының құрамына енетін талаптардың көлемін айқындау кезінде азаматтық-құқықтық міндеттемелер, оның ішінде несие берушілердің кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемелері бойынша талаптарынан басқа несие берушілерге тиесілі проценттер бойынша несие берушілердің және заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) талаптары ескеріледі.

2. Бесінші кезектегі несие берушілердің зияндарды өтеу және айыпты (айыппұл, өсім) өндіріп алу жөніндегі талаптары жеке есепке алынады және қарыздар мен есептелетін проценттер өтелгеннен кейін қанағаттандырылуға тиіс.

### **82 - б а п. Борышкер қызметкерлері мүдделерінің өкілдігі**

1. Борышкерге еңбекке ақы төлеу жөнінде талап қоятын адамдар өздерінің қатарынан жиналыста (конференцияда) жасырындауыспен талаптарды қарау және талаптар тізілімі мен оларды қараудың нәтижелерін бекіту кезінде өздерінің мүдделерін борышкердің, оның несие берушілерінің алдында және сотта қорғауға уәкілеттік берілген өкілді сайлайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен сайланған өкіл конкурс жүргізу кезеңінде өзіне осы Заңмен берілген несие берушінің барлық құқықтарын пайдаланады. Қызметкерлердің өкілі өзін сайлаған жиналыстың (конференцияның) алдында несие берушілердің тізіліміндегі еңбекке ақы төлеу мен оларды қараудың нәтижелері бойынша бекітілген талаптардың нәтижелері жөнінде есеп береді.

### **83 - б а п. Борышкер мүлкінің құнын бағалау**

1. Конкурсны басқарушы тарату барысында тиісті мамандарды тарту арқылы борышкердің мүлкіне (активтеріне), дебиторлық берешегін қоса алғанда, түгендеу мен бағалау жүргізеді. Борышкердің мүлкін (активтерін) бағалау заң талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2. Несие берушілердің талаптары борышкердің осы баптың 1-тармағына сәйкес бағаланған:

1) заңдарға сәйкес айналымнан алынған мүлкінен:



2) борышкерге тиесілі емес мүлктен басқа барлық мүлкінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс.

#### **84 - б а п. Борышкердің мүлкін (активтерін) сату**

1. Борышкердің мүлкін (активтерін) сатуды азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен конкурсты басқарушы жүзеге асырады.

2. Борышкердің сатуға ұсынылған, бірақ сатып алушы болмағандықтан сатылмай қалған заттай мүлкі (активтері) тиісті кезектегі өз талаптарына толық көлемде қанағаттана алмаған несие берушілерге, олардың келісімімен ортақ үлестік меншікке берілуге тиіс.

#### **85 - б а п. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік**

1. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшалай қаражатты конкурсты басқарушы заңдарға немесе борышкердің басқа құрылтай құжаттарына сәйкес борышкер мүлкінің меншік иесіне не оның құрылтайшыларына (қатысушыларына) береді.

2. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған борышкердің сатуға ұсынылған, бірақ сатылмай қалған заттай мүлкі, меншік иесіне немесе борышкер — заңды ұйымның қатысушыларына (құрылтайшыларына) беріледі.

#### **86 - б а п. Банкротты қарыздан босату**

1. Несие берушілермен есеп айырысу аяқталған соң банкрот атқаруға қойылған және заңды ұйымды банкрот деп тану кезінде ескерілген міндеттемелері мен өзге талаптарды орындаудан босатылады.

2. Банкрот өз мүлкінің бір бөлігін банкрот деп тану туралы өтініш бергенге дейін бір жыл ішінде жасырса немесе жасыру мақсатында басқа тұлғаға берсе, ол қарыздан босатылмайды.

#### **87 - б а п. Конкурсты басқарушының есебі**

1. Банкротты қарыздарынан босатып, несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін конкурсты басқарушы өз қызметі туралы, тарату балансын және талаптарды қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражатты пайдалану туралы есепті қоса, сотқа қорытынды баяндама ұсынады.

2. Сот конкурсты басқарушының есебін, сондай-ақ тарату балансын бекітеді және конкурстық істі тоқтату туралы шешім қабылдайды, бұл туралы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына хабарлайды.



## 88 - б а п. Борышкерді таратуды аяқтау

1. Таратушының есебін және тарату балансын бекіткен соң сот борышкерді таратудың аяқталғандығы туралы ұйғарым шығарады.

2. Борышкерді таратудың аяқталғандығы туралы ұйғарымда конкурсты басқарушыға сыйақы беруге және борышкердің қалған мүлкіне байланысты реттелмеген мәселелер де шешілуі мүмкін. Сот ұйғарымының көшірмесі заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын органға жіберіледі.

